


Марқасқа





Марқасқа



**Бұл жинақ
еліне, халқына адал қызмет етіп,
ақиқатты айтудан, жазудан
жаңылмай өткен Азаматымыз –
Марат ҚАБАНБАЙҰЛЫНЫҢ
туғанына 75 толуына арналды.
Құрастырушы және арнаулы редактор –
Ғаббас Қабышұлы.**

Алматы қ., 2023 ж.

Аннотация

Қысқа ғұмырында заманының өр-ылдиын көп көрген, бәрін де ой безбеніне салып, дұрыс пен бұрысты екшеп, кімнің кім, ненің не екенін ашық та батыл айтып жүрген публицист-жазушы Марат Қабанбайдың қалам қарымы ол тәуелсіз «Солдат» гәзетінің Бас редакторы болған жылдары көпшілікті әбден риза етіп, абыройы артып, жоғары құрметтелді. Мына кітап – сол құрметтің жалғасып жатқаныны.

.....

Санасы таза, ойы азат Азамат еді!

Марат аға қазақ журналистикасының Қабанбайы еді жарықтық. Оның мемлекеттік «Ана тілі» газетінде жүріп жазған «Пахандар республикасы» мақаласының батыл мақамын қайталаған журналист жоқ. Қазіргі билік бозөкпе етіп жіберген журналистерді көргенде, Мараттың биігіне шыға алатын журналист жуық арада тумай ма деп қорқамын. Мәкең санасы таза, ойы азат азамат еді.

Марат марқұмды «СолДАТ» газетінің редакторлығына мен шақырған едім. Анығында «Қабанбаймен сөйлесіп көрші» деген көреген кеңесті Әкежан Қажыгелдин айтқан еді. Марат аға менің қолқа салуыма қарсы болмады, бір жылдан астам уақыт «СолДАТ»-тың редакторы болды. Елдегі газет тарату саласы мемлекеттік монополиялық кәсіпорындардың ғана қолында тұрған кезде, біздің газетті таратуға толық тиым салынған қысталаң уақыттың өзінде «СолДАТ»-тың таралымын 50 мың данаға жеткізді.

Кейіннен Марат аға бұл өмірден бұйырған уақыты түгесіліп бара жатқанын сезді ме: «Мен «Кентавр» романын жазуға отыруым керек, шығармашылыққа кетейін» деп, маған әлденеше рет өтініш білдірді. Мен ақыры келістім. Әкежан аға Қажыгелдин Мараттың айлығын сақтандар деп тапсырды. Бірақ қуғын-сүргінде жүріп, біз ол тапсырманы толық орындай алмадық: көп уақыт өтпей газеттің жұмысы тоқтап қалды. Жазушының қиялындағы қазақтың «Кентавры» тумай кетті - арада алты ай өте бере Мәкең де кетіп қалды.

Ал Марат ағаны «Қажыгелдиннің жігіттері лақтырып кетті» деген сөз іші күйген қазақтың былшылы. Оны айтып жүрген түбіттердің кім екенін ішім сезеді...».

**Ермұрат БАПИ,
«Тасжарған» гәзетінің
Бас редакторы,**

2001 ж.

ҚАЛАМЫН ҚАРУ ЕТКЕН ҚАЙРАТКЕР

Қаламгер Марат Қабанбай, аз жасаса да, көп іс тындырды. Көркем проза мен публицистикаға қатар құлаш сермеп, екі жанрда да қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Жазушы мұрасын екшеп байқасақ, ұзын-ұрғасы жеті-сегіз том шамасы екен. Қамшы сабындай ғана ғұмыр кешкен адам үшін бұл, әрине, көп еңбек, мол олжа. Әйткенмен, қайран Мараттың көкірегінде қаншама жауһар кетті ғой деген өкінішіміз бар. Шынында да, Марат өрге салсаң, төске озып, Құлагердей аламан бәйгенің алдын бермей келе жатқанында рахымсыз тағдыр килікті. 2000-жылы, 52 жасында, арамыздан алып кетті.

Марат – шалғай шет, шекара түбіндегі бұйығы ауылда жетімдік пен жоқшылық тақсыретін көп көріп, қиналып өскен жігіт. Өмірдің батпағынан оны қайсар мінезі, қайтпас талабы сүйреп шықты. Бұғанасы қатпай тұрмыстың батпан жүгі белін қайыстырса да мойыған жоқ. Ауру ана, шиеттей іні-қарындастарын асырап бақты. Кеңшардың майлық-сулық жұмысында маңдай тері тамшылап жүріп, кешкі мектепте оқыды. Одан соң екі-үш жыл аудандық газетте істеді... Бір сөзбен айтқанда, Марат әдебиетке өмірден келді, өз өмірінен өнер жасады. Сондықтан оның шығармалары өмірдің өзіндей шынайы, өң-бояуында жасандылық жоқ, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне шүбәсіз иланып, әлдебір танысыңды көргендей, әлдебір жақыныңмен ұшырасқандай жатырқаусыз қауышасың. Бұл тарапта «Кермек дәм», «Айшылық алыс жол» романдары мен тағы басқа әңгіме-хикаяттарынан жазушы тағдырының сілем-сілем іздері қылаң беретінін аңғарасың.

Жетпісінші жылдардың орта шенінде Марат әдебиет есігін еркін ашты. Әдепкі жаңа талап, жас таланттар сияқты именіп, төменшіктеген жоқ, нық адыммен екпіндеп енді. Бұл уақыт туған әдебиетіміздің туы желбіреп, кемеліне келіп, дәуірлеп тұрған мерейлі шағы болатын. Шеберліктің шалқар көкжиегі ашылып, әлемдік биіктер меңгерілді. Қазақ әдебиетінің алтын ғасырын жасаған ұлы шоғырдың асыл үлгісі тұрғанда жас қаламгердің жұртшылықты елең еткізе қоюы, әлбетте, екіталай нәрсе. Әйтсе де, Марат өзінің алғашқы шығармаларымен-ақ оқушы ілтипатына бөленді. Бірінен соң бірі жарыса жарық көріп жатқан «Жиырма мен жалғыз», «Зая атылған оқ», «Се ля ви», «Бақбақ басы толған күн», «Қала және қызбала», т.б. әңгіме-хикаялары әдебиетіміздегі жаңа сөз, озық нұсқа еді. Олардың қай-қайсы да тосын табиғатымен ерекшеленді. Бояуы бөлек, әуен-ырғағы ерек. Марат баяндамайды, әңгімелемейді, сөзбен сурет салады, көзге көрсетеді, ағын – ақ, қарасын – кара қалпында, нендей құбылысты болсын өз шырай-реңімен мөлдіретіп алдына тосады, һәм сонымен қатар езу түрткен шуақты әзіл шығарманың өн бойында үнемі өріліп отырады. Тақырып ауқымының кеңдігін, көтерілген мәселелердің ділгірлігін былай қойғанда, жазушы

шығармаларының басты ерекшелігі деп ең әуелі осы қасиеттерін тілге тиек ету ләзім.

Ол әдебиеттегі «балалық аурумен» ауырған жоқ. Бірден қаламын нық ұстап, есейген, есті шығармалар жазды. Көп оқыды, жалықпай үйренді, бірақ ешкімге еліктеп-солықтаған жоқ; талай үлгіні зерделеп, жүрек сүзгісінен өткізді, бірақ ешқандай ізді шиырлаған емес, қияға өрлеп, қиыннан өз жолын салды. «Соқтықпалы соқпақсыз» асу белдерде жығылған, сүрінген тұстары да, өкінішке қарай, аз емес.

Марат – толассыз ізденген, еңбеккер, жақсы мен жаңаның бәрін, сия сорғыш сияқты, бойына сіңіре білген қаламгер. Сондықтан оның шығармаларынан бояу мен нақыштың, тәсіл мен машықтың, әуез бен ырғақтың небір сыңғырлы келісімі байқалып тұрады. Жазушы талай рет жазылған, таптаурын болған тақырыптарға қалам тартса да, бұрын ешкім елей қоймаған, назарға ілікпеген әлдебір тосын мінез, оқшау көріністерді дөп басып тауып ала қояды, нәзік штрихтар арқылы елең еткізіп, есте қаларлық әдемі бейнелер жасайды. Мысалы, «Бібекең» деп аталатын алғашқы әңгімесі соғыс тұсындағы ауыл өміріне арналған. Былай қарасаң, алдыңғы үлкенді-кішілі ағаларымыздың талайы ат басын бұрып, сонысын таптаған бұл тарапта шиырланбаған шүйгін жоқ сияқты. Бірақ қанша адам бар болса, тағдыр да сонша әрқилы емес пе, Марат ең бір елеусіз жанның бойындағы қарапайым ізгілікті суреттейді.

70-90 жылдар аралығында балалар мен жастарға арналған үздік шығармаларға жыл сайын дәстүрлі республикалық конкурс өткізіліп тұрғаны мәлім. Үлкенді-кішілі жазушыларымыз бұған қызу атсалысты. Нәтижесінде жұрт сүйсініп оқыр талай тамаша туындылар дүниеге келді. Осы аламан бәйгеге қосылған жүйріктердің ішінде Мараттың жұлдызы алабөтен жарқырап көрінді. Оза шауып, бірнеше дүркін бас бәйгені алды. Оның сол тұстағы шабытты қаламынан түйдек-түйдек туындаған «Арыстан, виолончель, мен және қасапхана», «Бақбақ басы толған күн», «Пысық болдым, мінеки» сияқты хикаяттары әдебиетіміздің мерейін тасытқан жұлдызы биік, озық шығармалар болды. Балалар әдебиетін өркендетуге өлшеусіз еңбек сіңірген, жаңа биіктерге көтерген бірден бір ірі тұлғалы классик жазушы Бердібек Соқпақбаев еді. Маратты Бекеңнің ізбасар шәкірті, үлгі-дәстүрін ары қарай дамытушы десек, қателеспеспіз. Қабанбаев кейіпкерлері – 70-90 жылдардағы жаңа тұрпатты жас ұрпақ. Бұл қазақ қоғамы дамудың жаңа сатысына көтерілген кезеңі еді. Ғылыми-техникалық прогресс қанатын кеңге жайып, ой-сана төңкерістер жасады. Қала мәдениеті тұрмыс-болмысымызға мықтап орнықты. Интеллектісі жоғары, таным-түсінігі дәстүрлі моральдік көзқарасымызбен қабыса бермейтін, бөлек сападағы өзгеше ұрпақ қалыптасты. Марат, міне, осы жаңа адамдардың жыршысы. Солардың жандүниесіне үнілді, терең бойлап, тұңғыықтан маржан сүзді. Оның модернистік сипаттағы «Қала және қызбала», терең психологизмге құрылған «Сурет салғым келмейді», «Жаһанкез Тити»,

«Мұхиттың арғы беті, бергі беті» сияқты шығармалары балалар әдебиетінің қадау-қадау биігі болып қалары сөзсіз.

«Арыстан, виолонче, мен және қасапхана» хикаяты – Мараттың мойыны озық туындыларының бірі. Жазушының бұл шығармасы кезінде одақтық «Детская литература» баспасынан жарық көріп, одан ары Еуропаға сапар шекті. Германияда «Қарлы құйын» атпен неміс тіліне аударылды. Асыл мен жасықтың парқын білетін талғампаз Батыс жұрты зор ықылас танытып, көп ұзамай оған балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығарма ретінде халықаралық Г.Х.Андерсен атындағы силық берілді. Қарап отырсақ, Марат Қабанбай мәртебелі силықты иемденген берісі қазақ, арысы иісі түрік әлемінде бүгінге дейін бірден-бір жазушы екен. Қазақ әдебиеті үшін мерей ме? Мерей! Бірақ, өкінішке қарай, оны тиісті дәрежесінде бағалап ескеріп жатқан әзірге ешкім жоқ.

Қаламгер шығармашылығының ендігі бір сүбелі саласы – журналистика. Үнемі баспасөз айналасында жұмыс істегендіктен болар, ешқашан публицистикадан қол үзген емес. Күнкөрістік қарабайыр кәсіп деп қарамай, оны өнер дәрежесіне көтерді, не жазса да буын бұрқыратып, бояуын ашып, түрлентіп, төгілтіп жазды. Қай мақаласын оқысаңыз да өмірдің қантамыры дүрсілдеп соғып тұрады. Еліміз азаттық алған алғашқы аумалы-төкпелі жылдарда қоғам өміріне белсене араласатын ұшқыр да жауынгер жанр – публицистика суырылып алға шықты. Міне, осы тұста Марат көкейінде қабындап, пісіп-жетіліп тұрған көркем дүниелерін қоя салып, журналистикаға білек сыбанып кірісіп кетті. Сарабал үзеңгілестері – Жарылғап, Бақыт, Байботалармен бірге «Ана тілі» газетінің шаңырағын көтерісті. Талай жыл қағажу көрген тіліміздің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын бұл газет тез еңсе тіктеп, аз уақыттың ішінде жұрт сүйіп оқитын танымал басылымға айналды. Бұл ретте аталған қаламдастармен бірге Мараттың да айрықша еңбек сіңіргені мәлім. Оның нөмір құрғатпай шығып жататын, қисынын келтіріп қыздырмалатып жазылған ойлы да уытты мақалаларын ел іздеп жүріп оқушы еді.

Марат өмірінің ақырғы жылдары оппозициялық «СолДат» газетіне басшылық жасады. Екі дізгін, бір шылбыр өз қолына еркін тиген соң, құлашын кең жазып, қоғам өміріне кеңірдектеп енген кеселдерді әшкереледі. Ұлтымыз бен рухымызға төніп келе жатқан қатерді алдын-ала болжап, бар дауыспен шамырқана дабыл қақты. Оның «Қазақ, қайда барасың?» атты жинағындағы үздік публицистикалық туындыларын қазақ журналистикасының інжу-маржаны десек, асыра айтқандық бола қоймас. Марат бұл шығармаларымен ұлттық журналистикамызды жаңа сатыға көтерді, шеберліктің ұтымды үлгілерін көрсетті. Енді Маратша жазу, Маратша саптау үрдіске айналды. Шын мәнінде үлкенді-кішілі журналистеріміздің көпшілігі оны ұстаз тұтты. Марат қайтыс болғанда «Көсемсөздің Қабанбайы» деп қазақ журналистикасының жоқтап, күңіренгені – осының айғағы.

Мен бұл шағын мақаламда жазушы шығармашылығының бел-белестеріне ғана ат шалдырып өттім. Кезінде әдебиетімізге құбылыс боп енген аса көрнекті қаламгер мұрасының сыры мен сипатын терең барлап, байыппен зерделеу сыншы-зерттеушілеріміздің парызы деп білем.

Марат көзі тірісінде ешқандай атақ алып, сый-құрмет көрген жазушы емес. Қатарынан оза шапса да, бәйге бұйырған жоқ. Есесіне ол өзінің жұлдызы жарқыраған талантты туындыларымен өзіне алтын тұғырлы асқақ ескерткіш орнатты. Жалған дабыраны малдануды, мастануды білмейтін хас талант үшін шынында да одан артық қандай мәртебе-мерей бар?

**Тұрысбек СӘУКЕТАЕВ,
жазушы, Мемлекеттік силықты»
иегері.**

2023 ж.

Мараттың үлкен талант екені ең алғашқы туындыларынан-ақ білінді. Мұз бұлақтан бұрқылдап атқан тау суындай тартып жібергенде шекеңнен шығатын дару сөз зәру оқырманын дәл тапты.

Аса терең білім-білікті, шебер жазушы Марат Қабанбай кейінгі жылдары көсемсөзге көшкен. Мемлекеттікті, тәуелсіздікті қанымен, жанымен сезінген ол өзін әр деңгейдегі әлеуметтің орнына қойып байқады.

Халықты жақтады, демократияны қолдады...

Адамды асқақтатып, қоғамды қозғап, заманға түзету енгізгісі келетін еркіндікте іңкәр өнер иесі өзін де аямай жазалайды. Марат Қабанбай дәл осындай тұлға еді.

Әрбір жазушы әдебиеттен алатын орнына өзі қол қойып кетеді.

Күләш АХМЕТОВА7

2001 ж.

(Интернеттен.)

Жазушы шығармаларына тән детальдар мен штрихтар

Балалар мен жасөспірімдер арасында өзіндік өрнегі бар тың туындылармен жұртшылықтың көңілінен шыға білген Марат Қабанбай шығармалары бүгінгі таңда жаңашылдығымен ерекше. Марат жас ұрпақтың санасына жетіп, түйсігіне кіретін құндылықтарды игере білді. Жас буынға керек дүниені жалынды сөзбен жаза білді. «Жиһангез Титиден» бастау алған әңгімелер шоғыры аз ғұмырында қалың жұртшылыққа мол мұра боп қалды. Жазушының «Кермек дәм», «Қала және қыз бала», «Айшылық алыс жол», шығармалары қазақ әдебиетінде, соның ішінде балалар әдебиетіне жаңа леп әкелген туындылар.

Марат Қабанбай өз шығармаларында қазақы болмыспен қатар Еуропалық үрдісті де ұстана білген ерек қаламгер.

Мифологиялық көріністерді терең ұғына білген жазушы өз туындыларында «Кентавр» яғни кісікиік сөзін кеңінен қолданып, мәнін өз деңгейінде ашқан. Ол өзінің шығармалар желісі арқылы арнамыс, еңбекқорлық, биік парасат ұғымдарын оқырманға өте ұғынықты тілмен жеткізген жазушы.

Сонымен қатар жазушының жасөспірімдер немесе жастар арасында кеңінен танылған «Жеңеше», «Монолог» әңгімелерінің тілі қаншалықты қарапайым болса, соншалықты ой саларлық түйінмен, шындыққа негізделген шешіммен аяқталған.

Оның өзге жазушылардан ерекшелігі – өзіне тән штрихтары мен детальдарының болуы. Қандай?

Жазушының лабораториясында тақырып таңдау, стиль қалыптастыру, қиял еркіндігі, оқырманды сендіре білу, сөйлем құрылымындағы ерекшеліктерді сақтау қадағаланады. Марат Қабанбай өз кезегінде еш ережені бұзбаған. Тақырып қоюы өз алдына, әңгіме желісін тақырыпшаларға бөліп, жеке-жеке дүниенің басын біріктіре алуының өзі үлкен жұмыс. Осы тұрғыда жазушы қыруар еңбек ете білді.

«Марат – талапкер. Марат – журналист, Марат – жазушының шығармашылық жолы да бір схема бойымен, ағаларының ізімен жалғасқан. «Әттең сіздердей» дейтін балаң қиялы қанат болып, келте ғұмырында сол «сіздерге» өзін мойындатып үлгерді. "Бақбақ басы толған күн", "Арыстан, мен,виолончель және қасапхана" , "Туған жердің төрт мезгілі" повестерімен-ақ бала болып сөйлеп, бала жанының нәзек қылын дөп басар , өз үні, өз дауысы бар суреткердің келгенін дәлелдеп үлгерген. Ол дүниені өзінше көріп, өзінше ешкімге ұқсамайтындай ғып суреттер еді. «Аспанның кіндігін теуіп, аттан түсті...», «Қайдағы сұлу қара мысықтар жолды әдейі кесіп өтеді, тек кессе бір сәрі, тоқтай қап, жасыл көздерінің уын бетіме бүрке мұрт тікірейтіп, «миаоу» дейтіні жанға батады...» Марат шығармалары бала болмысына үндес, әрі жеңіл юмор әр сөйлемнен мен мұндалайды. Мараттың әр көркем шығармасының көзге ерек көрінері де ойлылығында әрі тілінің бейнелі шұрайында екені сөзсіз еді»-деп пікір білдіреді Кәдірбек Сегізбайұлы. Шын мәнінде, оның жазған дүниесінің барлығы дерлік, бүгінгі таңда оқырман қауымға естелік. Аса құнды туынды. Мол қазына.

Ә.ЖУТАЕВА.

2016 ж.

(Интернеттен алынды.)

КЕНТАВР

Марат Қабанбай – өткен ғасырдың 90-жылдары қазақ көсемсөзін жаңа бір кезеңге көтерген дарынды қаламгер. Өліара кезеңде қарымды қаламынан туған мақалаларын жұрт іздеп жүріп тұшына оқыды, мейірі қанды, риза болды.

Марат ағаның жазушылығы өз алдына. Өз ортасында мойындалған талант. Өттең, өмір болғанда ұлтқа қажетті талай сүбелі туындылар жазар еді. Амал қанша, дүние жалған деген сол, нағыз толысқан шақта фәниді тастап, бақиға оза берді.

Кезінде Марат ағамен оппозициялық «солДАТ» басылымында бірге істедім. Ол редактор. Мен жай тілшімін. Танысқанымыз да қызық. Биліктің құтын қашырған «Дат» газетінің алғаш шыққан кезі. Өзім істеп жүрген «Арай» журналының тірлігі шатқаяқтаған соң, алғашқы санынан бастап сөз бостандығын ту етіп, биліктің келеңсіз істерін соққының астынан алып жатқан «Дат» газетіне барып орналастым. «Даттың» алғашқы редакторы, қазір марқұм болып кеткен Шәріп Құрақбаев бірден жұмысқа алды. Сонда жүріп жаттық. Біздің жазғандарымызды қойшы, сол кезде басылым бетінде оқтын-оқтын Марат Қабанбайдың билікті сынаған мақалалары шығып жүрді.

Мәкеңді сырттай танып, көркем шығармаларын оқып жүрсек те, қол алысып амандасып, араласып көрмеген кезім. Бірде редакцияға аққұба өңді, орта бойлы, ұзын ақ сұр плащ киген, қара кепкалы, иығына асынған қара сумкасы бар бір азамат келді. Жанымдағылар «Марат Қабанбай – осы» десті. Бас редактор Шәріптің кабинетіне кіріп кеткен ол біраздан соң шығып, дәліздің бір бұрышында темекі тартатын жерге барып, шылымын тұтатты. Темекі тартпаушы едім. Бірақ Мәкеңмен тілдесіп, танысып қалу үшін жанымда отырған азаматтардың бірінен бір тал темекі сұрап алып, Марат ағанаң жанына бардым. Таныстық сол жерден басталды. Әңгімеміз тақыл-тұқыл болса да, білгенім – Марат аға алдағы аптада шығатын газеттің жаңа санына «Пахандар республикасы» деген көлемді мақала даярлап әкеліпті.

Елімізде «Дат» газетін бастыруға тыйым салынған соң, басшылық газетті Ресейдің Алтай өлкесіндегі бір шағын қалада бастырып, Алматыға келетін пойызға тиіп алып келетін. ҰҚК қатты жұмыс істеді ме, қайдам, Марат Қабанбайдың «Пахандар республикасы» деген атышулы мақаласы басылған газеттің саны Қазақстан мен Ресей шекарасында тәркіленіп, біздің қолға жетпеді. Тек артынан азын-аулақ тиражы келгенін білемін. «Апыр-ай, басқа – басқа, газеттің сол саны елге жеткені керек еді. Биліктің артын аяусыз ашып беріп едім» деп, сол тұста Марат ағаның күйінгенін көргенмін. Кейіннен «Дат» сотты болды. Жабылды.

Одан кейін оның орнына «СолДат» деген екінші басылым дүниеге келді. Онда да біз қызмет еттік. Сол «солДаттың» бас редакторы болып Марат аға Қабанбай келген. Жақсы араластық. Мені інісіндей көрді. Жанына жақын тартты. Кейде оңаша қалған сәттерде сырын ақтарушы еді. Көкейінде көптен бері жүрген үлкен бір шығарманың қаңқасын сөз ететін. Бірақ тағдыр ол дүниесін аяқтатуға жазбапты. Соңғы рет аурухана төсегіне таңылып жатқанда кездестік. Төбеге қарап ойланып жатқан Марат аға бір сәт: «Әттең, бұл Құдай азғантай ғана ғұмыр берсе, «Кентаврды» жазып тастар едім-ау. Соған жете алмай қалам ба деп қорқамын. «Жаман айтпай жақсы жоқ» демекші, олай-бұлай боп кетсем, толғағы келіп, шыр етіп жарық дүниеге шығуға аз қалған шығармам өзіммен бірге көміледі-ау. Жанымды қинайтыны сол. Оны дәл мендей жалғастырып жазатын ешкім болмас. «Кентавр» талай жыл жүрегіме ұя салған ақ қанат құсым еді. Соның қанат қаққанын көре алмаймын-ау», – деп күрсінген.

Содан кейін көп ұзаған жоқ, дүниенің жалған екенін айғақтап, келместің сапарына аттанып кете барды. Дүние жалған деген – осы. Дегенмен Марат ағаның аяқасты өлімі құпия болып қалды. Бүгін-ертең бұ дүниені тәрк етіп, о дүниеге аттанып кететін жан емес еді. Ол кісінің аяқасты өлімі бір Аллаға ғана аян. Біз тек топшылаймыз.

Марат аға жер басып жүргенде биыл наурыз айының 22-сі күні жетпіс үшке толады екен. Амал қанша, елу екі жыл ғана өмір сүрді. Бұл аз ба, көп пе, білмеймін. Бірақ соңына өлместей шығармаларын тастап кеткен қазақтың аса бір талантты ұлы екені анық.

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ,
журналшы.

2021 ж.

(Интернеттен.)

БӘРІМІЗДІ АЯЛАДЫ

-Құрметті Сәуле апай, «қара қылды қақ жарған Марат Қабанбай» атанған ағамызды исі қазақ білді ғой. Шығармаларын қайталап оқып жүрміз, меніңше, ескірді дерлігі жоқ. Мақалалары халықтың бүгінгі тіршілігі туралы кеше ғана жазылғандай.

- Марат ағаларыңның араларыңа оралмас сапарға кете барғаны оны білетін барша ауыр тиді ғой, - деді жазушының жары Сәуле апай, сәл мұңайып. – Ең өкініштісі: «Бас шығармам болар» деген «Кентавр» романы аяқталмай қалды... Мәкең алмас қылыштай жарқылдап өтті өмірден. Әділдікті, шындықты жақтады. Сондықтан да кейбіреулерге ұнаған жоқ... Өкінішке толы өмір-ай...

Жазушының жары Сәуле апаймен негізінде Мәкеңнің өзінің өмір серігі, отағасы, әке ретіндегі әдет-дағдылары жайында әңгімелескім келген..

-Мінезі қызық еді, - деді апай. - Ол әуелден-ақ отбасында демократия орнатты. Қызуқандылықпен бір ауырлау сөз айтып қойса, кеште төрт көзіміз түгел отырғанымызда үлкен басымен ағаттығын мойындап, кешірім сұрайтын. Балаларынан да, менен де солай етуді талап ететін. «Шындық, әділдік үшін әкелеріңді де аямаңдар» деп отыратын. Сондықтан болар, балалары оған реніштері бола қалғанда тайсалмай айтатын. Ондай кездер өте сирек болды. Мәкең бәрімізді аялайтын. Ол дүние-мүлікке қызықпай өтті. «Менің екі байлығым бар, – деп отыратын. – Бірінші байлығым – балаларым, екіншісі – шығармаларым». Балаларын өте жақсы көрді. Өзінің қатар-құрбысы сияқты тең дәрежеде ұстады. Жұмыстан келгенде балаларымен сырласып, олармен бірге ойнап-күліп, шаршағанын ұмытатын. Сыртқа ертіп шығып, серуендеп қайтатын. Мені силауды талап ететін. «Осындай аналарың бар сендер өте бақыттысыңдар», – деп мені биіктетіп қоятын. Қазір үш баламыздың үшеуі де есейді (екі қыз, бір ұл). Азамат болды. Екеуі – студент. Кенже қызым 8-сыныпта оқиды. Әкесінің үйреткені ғой, бірін бірі бетімнен қақпайды. Силап тұрғандары...Мараттың бір әдеті, өзі жазушы бола тұра үйге кітап жинамайтын. Түрлі кітаптарын керек еткен туған-туыстарына, дос-жолдастарына, бір келген жас журналист-жазушыларға беретін. «Кітаптың міндеті – адамның көзін ашу, білімін көтеру, рухани ләззат сыйлау. Ол үйде шаң басып қамалып тұрмауы керек», – дейтін.

-Дұрыс-ақ!

-Тәуелсіздікке қол жеткенде Мараттай қуанғандар сирек шығар. «Енді ешкімнен сескенбей, тартынбай еркін жазатын болдым», деп балаша шаттанғаны әлі есімде. Сөйтіп, «Кентавр» романын бастап кеткен. Амал не, аяқталмай қалды. Көбінесе түнде жазатын. Таң алдында екі сағат көз шырымын алып жазу үстеліне ұмтылатын.

-Сондай еңбеккерлігі барын мен де естігенмін, қызығатынмын.

-Ол қонақшыл болмады. Кімнің болсын беталды сөйлейтіндерді жаратпайтын және сол жерде оның қате пікірлерін дәлелдейтін. Ақиқатты арзандатпауды талап ететін мінезі ғой. Өзімізге де іріктеп шақыратын. Біреуге ұнауға, көлгірсуге жаны қас еді. Үйге қонаққа ешқашан ешбір шенеунікті шақырған емес.

-Өйтпесе, Марат Қабанбай бола ма?!

-Ал силас-сырлас достары келе қалса, қуана құрақ ұшатын... Бір мінезі: өзінің туған күнін тойлатпайтын. 50 жылдық мерейтойын да елеусіз қалдырды. «Халық қиын тұрмыс кешіп жатқанда, менің «елуге келдім!» деп шіренуім – көргенсіздік болады», - деді. Ал балаларының туған күнін құр жібермеуші еді.

–Бүгінде өзі мақтаушы да, өзгелеріне мақтатушылар жеткілікті. Заманға қарай дейміз баяғы.

-Мәкең – өзінің кім екенін біліп кеткен жазушы. Бірде, жора-жолдастарымен бас қосуда, мен қарап отырмай, шығармалары өзіме

ұнайтын бір классиктің жазу шеберлігіне таңданатынымды айтып едім: «Несіне таң қаласың? Солардың біреуі жаныңда жүрген жоқ па? – деп ду күлдірді.

-Мәкең жалты жазушылардан кімдерді жақсы көрді?

-Қазақтан Бейімбет Майлинді, орыстан Федор Достоевскийді пір тұтты. Қайтыс боларының алдында Бейімбеттің барлық шығармаларын қайталап оқып шықты. Бұрын да оқып отырғанын сан көргенмін. «Білмейтінім әлі де көп екен», – деп өкінгені әлі есімде... Жүріс-тұрысы, көз алдымда, мінез-құлқы, сөзі, әзілі, күлкісі жадымда... Қайтейін,бізді ерте тастап кетті... Көзін көрген үлкен-кіші таныстарымыз хабарласып, хал-жағдайымызды біліп тұрады.

-Апай, ағаның балалық шағынан айтарыңыз бар ма?

-Иә, енді бала Мараттың қылығынан естігендерімді айтайын. Алты жастағы кезі болса керек, бірде құдық басында совхоздың қойшысын кездестіріп:

– Ассалаумағалейкум, аға! Мал-жаныңыз аман ба?- деп көңілдене сәлем береді. Ағасының сүйінгені сонша, Мараттың ол оң қылығын реті келгенде қайталап айтып: «Бастықтар да өйтіп халімді сұраған емес еді. Тегін бала емес», - деп риза болыпжүріпті. Ал бір күні, бастауыш мектептің шәкірті шағы болса керек, көрші ауылдағы досының үйінен өзінің жақсы көріп тындайтын күйтабағын сұрап алып, велосипедпен үйге қайтып келе жатады. Кенет көлігінің дөңгелегі тайып кетіп, құлап түседі. Күйтабағы күл-парша сынады. Үйіне келіп, егіліп жылайды. Ата-анасы қалай жұбатса да, өксіп-өксіп жылай береді.

– Қайдағы бір күйтабақ үшін жылап... Көз жасыңның садағасы, – деп әкесі кейиді.

– «Қайдағы бір күйтабақ» емес, ол өнер мүлкі ғой, – депті сонда бала Марат...

-Рахмет, апай! Сау-сәлем болыңыздар!

МӘКЕҢНЕН ҚАЛҒАН МӘНДІ СӨЗДЕР:

- Ренжісең ренжі, бірақ кек тұтпа.
- Аясаң ая,бірақ кемсітпе.
- Кім-кімде әкім бола алады. Ал әкім жазушы бола алмайды.
- Адам жүз пайыз жақсы боп тумайды.
- Диплом алу – шарт емес, білім алу. Ең негізгісі – өмірді бағалай білу, қабілетіңе қарай адал еңбек ету.

Мәкеңнің қызы – Айгүл Қабанбаевадан бір сөз:

БІЗ ӘКЕ АҚЫЛЫМЕН ӨСТІК

– Мен папамды өте жақсы көретінмін. Оның да мен дегенде жаны бөлек еді. Кейде мені ертіп ап тыста серуендеуді жақсы көретін. Ол кезде

баламын ғой. Оған қоймайтын сұрағым жоқ. Папам да ерінбей-жалықпай жауап береді. Ақырында мезі болып:

– Қызым, мен қағаз қараудан шаршап, дем алуға шықтым. Сен не болса, соны сұрап мазалай берме, - дейді. Мен бала болсам да түсінемін ғой. Папамның шаршаңқы жүзіне қарап аяп кетем.

Кішкентайымнан папама ұқсап жазушы болғым келетін. Онымен жарыса қағаз шимайлай бастаймын. Кейін оған оқып беретінмін. Папам жымыып күледі. Сосын менің жазғанымды жөндей бастайды. Түзетуден шимай болған жазуымды көріп жылап жіберемін. Папам ақылын айтып жұбатады.

– Адам бірден жазушы боп кетпейді, – дейді ол. – Көп оқыш, көп үйрену керек.

Ол біздің ертелі-кеш теледидар қарағанымызды ұнатпайтын.

– Теледидар – баланың жауы. Одан да кітап оқындар, – деп отыратын.

Біз әке ақылымен өстік. Көп оқыдық. Мен журналшы болып шықтым. Бәрі – папамның арқасы.

Мәкеңмен «Ана тілі» газетінің редакциясында екі жыл қызметтес болдық. Ол өзім қадір тұтатын үлкен жазушы, әрі бастығым. Алдында елпілдеп жүрдім.

– Жазуларың жақсы, – дейтін маған. Соңын эзілге айналдырып: – Тым талантты бола берме, өмірің қысқа болады, – дейтін.

Иә, онысы шындық екен-ау... Ондайларды әдебиет тарихынан көптеп кездестіруге болады. Басқа елді айтпай-ақ қояйық. Өзіміздің Шоқан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торғайғыров, Саттар Ерубәев, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев...

Мәкең де тым аз жасады. 52 жас. Ердің жасы... Әйтсе де, көп жұмыс бітіріп кетті. Келесі жылы жасы 75-ке толатын еді. Амал не, беріп үлгіргеніне риза болып жүрміз.

**Әділ БАЛТА,
балалар жазушысы.**

2002 жыл.

ҚАЙТАЛАНБАС ДАРЫН

Соңғы уақытта Қазақстанның идеологиялық басшылық құрамы тарапынан Қазақстан журналистикасына, бұқаралық ақпарат құралдарына өмірді шынайы түрде жазу, қоғамда қалыптасқан мәселелерді аша отырып, осы бағытта мемлекетте атқарылып жатқан шараларды негізді түрде көрсетіп беру бағытында жаңа талаптардың қойылуы тоқсаныншы жылдардың басында ту көтерген тәуелсіздігімізге өз қаламымен үн қосып, оған көмектесу бағытында белсеніп қызмет еткен жарқын тұлға, жазушы,

журналист, көсемсөз шебері Марат Қабанбайдың есімін тағы бір еске алуды қажет етеді. Қоғамды түзету үшін алдымен сөзді түзету керек. Ел тәуелсіздігіне барынша қуанып, тоқсаныншы жылдардың басында журналистика мен публицистика саласында өзінің жарқылдаған алмас қылышын суырып шыққан Мараттың мақсат-бағдары осы болатын.

Марат публицистика жанры арқылы қазақ журналистикасына ерекше леп, айрықша серпін әкелді. Қай мақалалары болса да баяндаудан гөрі шынайы құбылыстарды, өмірдің шындығын ашып, оқырманына ой салды. Шеберлік-ұтымдылықты басты межесіне айналдырып, тың тақырыптарды салиқалы сөзбен өрнектеп, айшықтап, қазақ журналистикасына інжу-маржан әкеле білді. Қоғам өміріндегі кеселді дерттерді жан-жақты деректермен дәлелдеп, қаламының қару етіп жұмсады. Қан жұтқан қатал заманның ақиқатын шынайы тілмен суреттеп, ғасырлар дерегіне бойлады. «Сорымыз сол: Сократтың «Өз-өзінді таны» дегенін білеміз, бірақ одан түк түсінбейміз. Біз өз орнымызды әлемнен әлі іздеп жүрміз. Рухани әлемнен. Нағыз қазақтық осыны ұғынудан басталады. Ол ауыздан ұлтжандылық деп шығады. Мынау сөз – соның бірі. Қазақстан, кейбіреулер ойлап жүргендей, жұтаң сахна, біз жансыз қуыршақ емеспіз, Қазақстан – Отан, біз – халықпыз! Бұлай болуы өзімізге байланысты» дейді «Қазақ, қайда барасың?» деген кітабында.

Жалған өмірдің ащы шындығын шымбайына батырып, нақты бояуымен, дәлелді деректерімен бере білген Марат дарабоз, дауылпаз дарын, қайталанбайтын талант еді. Ол журналистикаға ерекше стиль, таным енгізіп, қоғамның қан тамырының соғысын дөп баса білді, әрбір тақырыбын ашу жолында майдан қыл суырғандай ерінбей еңбек етті.

«Журналистің сөз саптау, сөйлем құруының өзі сірескен ресми стильден аулақ, барынша қарапайым (бірақ қарабайыр емес), оқырманның жанына жақын да ұғынықты болуы керек», дейтін Марат. Ең бастысы деректі сөйлетуге назар аударатын. Ол әдебиет әлеміне тура жол тартатынын білсе де, журналистикада елеулі із қалдырды. Оның ішінде ұшқыр да жауынгер жанр – публицистиканың майын тамыза жазды. «Қазақ, қайда барасың?» атты жинағы – соның тұтас та айқын дәлелі. Бұл кітабы 1995-жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрді.

Мараттың шәкірті Раушан Төленқызы «Марат Қабанбайдың қазақы болмысы, «Еуразия» стильді дауылды мақалалары» деген мақаласында: «Марат Қабанбай кім? Екпіні үй жығатын дауылдай «дауылпаз» деген сөз осы уақытқа дейін поэзияда Қасым Аманжоловқа қарата айтылады. Оны бүгін Маратқа телігенде әлдекімге еліктеуден емес, Мараттың баспасөздегі «дауылпаздығын» мойындағаннан тілге оралып отыр», – дейді ұстазы хақында («DaNYau», 2.2004 ж).

Мараттың рухына бас иіп, оның дарынына тәнті болған досы, егіздің сыңарындай, сыры мен мұны бір құрдасы Тұрысбек Сәукетаев:

Толқиды кеудемде теңіздей мұң,

Сыңарын жоғалтқан егіздеймін.
Мұңайып батқан күн, атқан таң кірпігінде,
Мұңайып тұрғандай сені іздеймін,
– деп әні бар жырының қайырмасында жан досын сағынып жүргенін білдірсе, Ерұлан Бағай былай деді:

Хас таланттар өмірден жанып өтер,
Кейде мынау жалғанның мәні кетер.
Жоқ дегенге Мәкеңді көне алмаймын,
«Марат өлді» деген сөз мүлде бекер!..

Мараттың еңбеккелігі ерен еді. Соның нәтижесінде шеберліктің шалқар көкжиегі түріліп, әлемдік биіктерге жолы ашылды. «Жиырма мен жалғыз», «Зая атылған оқ», «Се ля ви», «Бақбақ басы толған күн», «Қала және қызбала», тағы басқа әңгіме-хикаялары қазақ әдебиетіне жаңа леп әкелді...

Ол шетел әдебиеті классиктерінің еңбектерін кузап, бүге-шігесіне дейін ұғынып, шөлін солар арқылы қандыратын-ды. Оның көз майын тауысып, көп оқып, ойына көп нәрсені түйетіндігі әр шығармаларында кең көрініс тауып жататыны анық. Мәселен, «Бақбақ басы толған күн» повесін қолға алып, көз жүгірте бастағанда-ақ жасөспірім Заманбектің ішкі толғанысы мен сезімін, өмірді терең түсінуін бірден көңілге түйесіз. Повесте еріксіз езу тартқызар юмор, сарказмға толы көріністер баршылық. Жазушы бас кейіпкер Заманбектің атынан оқиғаны өрбіте отыра өмірдің боямасыз, әсіресіз шындығын суреттейді. Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендерін» повесть желісіне негізгі өзек етіп ала отырып, Заманбектің балалық қамсыз әрекеттерін нақышына келтіріп өрнектеп берген. Ал Италияның атақты әншісі Робертино Лореттидің әнін ауыл баласы Оқастың қалай айтатыны жөніндегі мақамдарына еріксіз езу тартасыз. Әрбір кейіпкерін жанды образға айналдырып, ойната, құбылта білу де талант иесінің тапқырлығы. «Бақбақ басы толған күн» повесі негізінде «Он екі жасқа толғанда» деген толық метражды телефильм түсірілді.

Марат Батысты да, Шығысты да көп оқыған. Қайтыс боларының алдында Стейнбектің алты томын оқып шығыпты да: «Мен әлі түк білмейді екенмін ғой», депті.

Ертегіге құрылған «Тити» спектаклі 2002-жылы 19-қаңтарда қазақ мемлекеттік Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық театрда Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Кенжековтің режиссерлік етуімен сахналанды. Сондай-ақ, балаларға арналған жеке кітаптары неміс, украин, молдаван, латыш, өзбек тілдерінде жарық көріп, оқырмандарының ыстық ықыласын тудырды.

«Айқын» газетінің 2013-жылғы 1-ақпан күнгі санында жарияланған «Қаламды тербеткен қаламгер» деген мақаланың авторы, журналист Сейсен Әмірбекұлы: «Соңғы рет аурухана төсегінде кездестік. Төбеге қарап

ойланып жатқан Марат аға бір сәт: «Әттең, бұл Құдай аз-маз ғұмыр бере тұрса, «Кентаврды» жазып тастар едім-ау. Соған жете алмай қалам ба деп қорқамын. «Жаман айтпай жақсы жоқ», демекші, олай-бұлай болып кетсем, толғағы келіп, шыр етіп жарық дүниеге шығуға аз қалған шығармам өзіммен бірге көміледі-ау. Жанымды қинайтыны сол. Оны жалғастырып жазатын ешкім болмас. «Кентавр» талай жыл жүрегіме ұя салған аққанат құсым еді. Соның қанат қаққанын көре алмаймын-ау», деп күрсінген», - деп өкініп, Мараттың іске асыруға үлгірмеген арманын еріксіз куә болғанын толқи жазыпты.

Қара сөздің жыршысы Оралхан Бөкей: «Дарындыларды өз жүректерінің шоғы күйдіріп, ерте өлтіреді», деген екен. Мүмкін Мараттың да өн бойын осы жазушы ағасының мірдің оғындай сөзі мазалаған да шығар, кім білсін, ертеңгі күнге жалғасар асқақ арманының жібі үзілерін алдын ала сезді ме, содан да болар, күрсінісі үмітін жеңіп кеткені...

1998-жылдың 20-тамызында «Ана тілі» газетінде Мараттың «Кентавриадасы» жарық көрді. «Кентаврының» алғашқы бөлімі болса керек.

Марат сол кезде Қырғызстанға барып «Кентаврдың» тәмімдалмаған қолжазбасын Шыңғыс Айтматовқа көрсеткен. Ол кісі жылы пікір білдіріп: «Ойың жақсы екен, балам. Бұны жақсылап тұрып аяқтап алып кел. Содан кейін тағы бір оқып көрейік», депті. Сонда қырғыз әріптестері Маратқа: «Жалпы, Шықаң «балам» деген сөзді айта қоймайтын. Сіз ұнаған болуыңыз керек», депті.

Мараттың кішірейе білетін кісілігі, өзін-өзі қай ортада болса да ұстай білетін қарымы мол қабілеттілігі, «дөкейлердің» алдында әлдекімдерше құрша жорғалап, жалбақтап, маймөңкелемей, турасын айтатын әділдігі, мақсатына жетсем деген қайсарлығы – бәр-бәрі оның талбойына жарасып, келісті сипат беріп тұратын-ды. Қиянатқа төзбестігі және адалдық пен тазалыққа қылау түсірмеген сана-сезім мөлдірлігі де бартұғын. Ең бастысы: мұнтаздай тазалығы мен кермаралдай келісімді келбеті оны әркез өзгелерден ерекшелендіріп, дара қасиетін аша түсетін.

Елі болып, туған жері болып Марат Қабанбай есімін есте қалдыру үшін аудандық кітапханаға, немесе мектепке, көрнекті көше атын қоюды Қазақстан Жазушылар одағы да қолдап, ұсыныс жасап отыр. Осы мәселенің шешімі табылар деген үміттеміз.

Әмина САҚАЖАНОВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

12. 04. 2013 ж.

Abai.kz

(Интернеттен алынып, аздап ықшамдалды, - Ғ.Қ.)

**Марат
ҚАБАНБАЙ**



Бұл зиялы – қай зиялы?

Ежелгі Эллада кентавр Хирон туралы әйгілі мифінде зейін иесі – адам, қарын иесі – жануарды пенде басты, жылқы денелі кентаврға шебер біріктіріп, саналы тіршіліктің кішкене ғана модель, макетін жасап беріп кетті. Яғни, біздің ойымызша, Ясон, Гераклдер тұсындағы Қаратеңіз грек колониялары мен көшпелі скифтердің тоғысынан туған бұл миф кез келген ұлттың басқару пультінде оның зейіні – адамның жұдырықтай миы дегенді меңзесе, қалған ұзын сұлбаны қарын, ішім-жем жағына қоя салған ғой. Арғы-бергі заманда мұны мойындамаған ешкім жоқ. Қылышынан қан тамған патшалық Ресей де аристократ иә зиялымен санасуға мәжбүр болған. Санаспаса, мойындамаса, империяның түбіне ылғи да су құйып отырған Гоголь, Достоевский, Чехов, Толстой, тіпті, «төңкерістің дауылпазы» Горькийдің шығармаларын қайта-қайта жариялауға көнбес еді. Қызық болғанда олардың бас цензоры Салтыков-Щедрин сол су күйюшылардың нақ жуан ортасында болған. Біз де олардан қалыспаппыз. Бұлдыр-бұлдыр аңыз, ертегі дүниесі «Аяз биді» алдымызға тартады. Білге қағаныңыз Тоныкөктей дана, білгірді тындаған, орта ғасырда ақиық ақын жыраулар халық тағдырын шешетін кей тұстарда ханнан биік тұрған. Абылай – Бұқар жырау арасы бәрімізге белгілі. Баймағамбет сұлтанды сөзбен былшылдатып бетке ұрған Махамбет сол елім деп еңіреген, оқу-тоқу емес, табиғат – шебер жарата салған «зиялы». Ендеше, зиялы дегеніміз білімді ғана емес, халық қамын көздеген, бойындағы барын соған сарқа жұмсаған алғадай екен. Қазақ зиялыны осылай ұғады. Зиялы – интеллигентті әр халық өзінше түсінген. Еуропада ол – жәй ғана білімді топ, Ресейде – халыққа жаны ашитын зиялы, ал, қазіргі заманда – осы екеуінің қосындысы... Кеңестік система да ой өкілдерін өзінше төбесіне көтерген. Тым тереңдерін, әлеми-қазақы мәдени үлгілеріне сүйенген алашорда өкілдерін атып, асып, қуып тастады да, икемге көнгеннің алдына ас, екі қолын бос қойды. Жалаң социализм қазармасының есігін аңқайтып ашып, өз сөзін сөйлеттірді; сөйтіп, жердің астындағыны білемін деп жүрген «мықтыларды» көп ұзамай-ақ кеңестік ырдуан арбаға жегіп, итпектетіп қойды.

Оның үстіне алып дала, арғымақ ат пен алкеуде аңқаулыққа, салсерілікке негізделген рухани дүниемізді ХХ-ғасыр өркениеті жанын шығарып тұрып жаншды. Және бұл темір-терсек заманға біз ел соңы боп іліктік. Шығыстың жеті жұлдызына Абай сегізінші болып қосылғаны осы, міне. Ал, Еуропадан сусындаған Шоқан, топырағымыз табанын тартып тұрса да, біздің мәдениеттің сол кездегі қисындарына, шынын айту керек, қиғаштау ерекше тұлға. Біз мадақтайтын бес арыс пен алыптар тас қайната бастағанда, өзге елдердің сол деңгейдегі марқасқалары бұл кезде көрде-тін. Қалғанымыз Кеңестік қара нанға мелдектеп тойғанға мәз болып, соның тоғымен, буымен өз-өзімізді, неге екені белгісіз, зиялы екенбіз дедік. Әлі де болса біразымыз сол астам да «асқақ» ойдамыз. Бұл да болса – кәрия тарихтың қазақты қытықтап ойнаған зілді әзілдерінің бірі.

Осы мең-зең мастықтан ұлтымыз әлі де айықпай, беліміз шойырылып, жатқан жерімізден үйелеп тұра алмай жатырмыз. Кеңес тұсында мұны: «Іс бітті, мәдениетіміз әлем деңгейіне жетті, енді ішіс, жес керек» деп түсіндірдік. Он шақты жыл бұрын шаң берген жаңа заман бізге, керісінше, «Түйе теуіп, ішің кеуіп, жолда жатырсың!» – деп анық айтты. Және, сорымызға қарай, онысы рас та.

Әңгіменің басы ашық болу үшін, әуелі зиялы (интеллигент) деген не, соны анықтап алайық. «Казахстанская правда» газетінде (1.IX.94) жүз жасағыр Шұға Нұрпейісова қарындасымыз «Лагнет» («Анафема») атты мақаласында: «Аристократия – қасиетті ұлағаттар меп идеяларды сақтаушы. Ал, интеллигенция болса, қарапайым адамның көзқарасы, талғамы мен пікірінің жарқын болашақ үшін күресіндегі қара тобыр иеленіп кеткен үні» депті. Бұдан артық айту қиын. Ендігі сөз – сол қара тобырдан сәл қара үзіп, өз ортасына, әлемге сауатты көзбен қарай бастаған білімді топ туралы. Өйткені, ХХІ-ғасырдағы қазақ аристократиясын қалыптастыратын осы бүгінгі зиялы.

Ал, бізде, дәл қазіргі жағдайда зиялыға, қазақ жұрты қалтасында қақпақтай дипломы бар кез келгенді апарып, сондай аңғал жомарттықпен таңа салатын сыңайлы. Егер, зиялының басты анықтамасын «алдымен өз ортасына, одан ұлты мен халқына, қала берді бүкіл өзге тіршілік өкілдеріне жаны ашу» деп түсінсек, дұрысы да осы болар, онда диплом зиялылықтың өлшемі емес. Жоғарыдағы анықтамаға жан дүниесі сай келіп, сонымен іштей ырғақ тауып жатса, «өзге дегенде өгіз қара күші бар» қарапайым шопыр, малшы да зиялы. Ал, өзім дегенде өзегі үзіліп тұратын академигіңіз зиялы да емес. Ол тас жүрек диплом иесі, білім-ілімге бар жай ғана боқ-қарын. Есебі, қара-байырлай айтсақ, ванна жиегінде отырып, дәл сол ваннаның тірі атомдардан құралуы мүмкін екенін және оның: «Абайлап құйрық бассайшы, ауырттың ғой жанымды, қинадың ғой тәнімді» деген атомдық жанайқайы бар екенін ұға алатын адам ғана, шын мәнінде, зиялы.

Бұл критерийге, біздің қазіргі қоғам жауап бере алуы неғайбыл. Әлемді біртұтас жанды, нәзік организм деп түсінетін зиялы бізде саусақпен

санарлықтай. Жалпы, қазіргі қазақ қауымында, негізінен, білімді номенклатура мен тәуелсіз ой ойлауға қабілеті жоқ, оған бағынышты функционер сауаттылар тобы ғана бар. Төрт құбыласы түгел қоғамда дәл «күл иеленуші» мен «күлдардың» арасын ылғи да әшкерелеп, алдыңғысының тәубасын есіне түсіріп отыратын, ал, күлдардың бейшаралығын бетіне басып, адамаиулыққа үндеп отыратын зиялы бар. Бұл зиялыны қазақ топырағында бұр жара бастағанда-ақ кеңестік система көктей орды. Қазіргі зиялы деп жүргеніміз сол өртеңнің орны, күл, күресіні ғана. Ендеше, біз «зиялы» екенбіз деп иегіміз қышымасын, біз тек ой жүйеміз құрмалас емес, жай сөйлемдерден ғана тұратын қарадүрсін, зиялыға кандидаттар ғанамыз. Біз бұл күнде өткен мәдениет үлгілерін жинаумен ғана айналысып жүрміз. Аңшылықпен, жеміс жинаумен алғашқы қауымдық құрылыс айналысқан ғой. Осыған қарап-ақ мәдениеттің қай кезеңінде тұрғанымызды шамалауға болады. Жинағанды қорыту, бағалау – алда. Ал, тың өскін мәдениет, толық қанды төл зиялы жасау, тіптен, көз көрмейтін алыста.

Біз – ең жаман деген болжамдарымыз қолма-қол расқа айналып жатқан қысыр да қыңыр уақта өмір сүріп жатқан халықпыз. Ең сорақысы – кеңес тұсында системаның сценарийімен алдымен ұлтымыз, қалды зиялысымақтарымыз бұл дүниеде басы қосылуы екіталай екі топқа дай-дай бөлініп кетіппіз. Енді, бұл екі қазақ сыңсып, баяғы қазақ пен ноғай қоштасқандағы «Ел айрылысқанданы» қайталап айтуы ғана қалды. Бір шаңырақ астында екі жерден от жағып, қазан асып, бір-бірін менсінбей, тоңторыс теріс қарап, жауласуға шақ қалған, сөз тыңдаудан қалған бұл «марқасқалар». Сырттан не үйреншікті ақылгөй Ресей ағайды, не өзбек, қырғыз бауырды арашаға шақыруға жуықпыз. Сөйтіп, ұлтқа бас болатын, жөн сілтейтін, мынау, қысылтаяң тұста екі тілде сөйлейтін қазақ зиялылары бір-біріне қас. **ҰЛТЫМЫЗ ИЕСІЗ ҚАЛДЫ.**

Алғашқы топқа қала қазақтарының орысша оқып, жетілген қандастарымыз жатады. Әлем, орыс мәдениеті десе, бізді шеніне келтірмейді. Өттең, табаны топырақ иіскеп, балтырын күс басып көрмеген бұл жүйріктер дәстүрлі қазақ өмірі дегенде екі аттап, бір сүрінгіш. Алыстағы Америка: «Әй, осы қазақ тілі түбінде бір керек болар» деп шұғыл үйреніп жатса, бұлар менсінбейді. Өйткені, олар күні кешеге дейін тұғыры кеңестік идеология болып табылатын славяндық кеңістікке еркін қалықтап, биік ұшамыз деген мутант, шата, будан ұрпақ. Дұрысы, империялық саясаттың құлы. Оны өздері білмейді. Кеңес күл болды да, оның орнына қазақы ағаш табақ, кәрлен кесе аяқ астынан дөңгелеп келе қалды. Шанышқы, пышақ, салфетқаға үйреніп қалған олар әлгі табақ құрғырға білек сыбанып, бес саусақты еркін алып жіберуге жоқ – жиренеді. Өмірге өкпелегеннің орнына бізге ренжулі. Біздің бүгінгі топалаң өмірге ынт-шынтымен кірісіп кетейін десе, қазақы дүниені екінші, үшінші сорт деп ұғатын эго желкеден тартып жібермейді. Өз-өздерін қайта жасауға кеш.

Ондай қоршауды бұзып-жарып шыға бастағандары әзірше аз. Онда да жержүзі даналығы шығыста басталғанын, «өз жерінде ұлтан бол» дегенді ұға бастағандары ғана.

Біз ол бауырларымыздың бәріне күйе жағудан аулақпыз. Гуманитария, оқыту-тоқыту төңірегіндегілері бұл күнде ауыр ой үстінде. Жас ұрпақты оқыту үшін ең алдымен өздері қазақ аясында қайтадан оқып-тоқуы керек екен. Жатқан бір бейнет, мол михнат. Олар, мәселен, Рим мәдениетін, яки, Ренессансты білмеген жанға «ит көрген ешкі көзденіп» қарар еді. Ал, өздері ерте заманда Тынық мұхиттан Альпі тауларына дейін шалқып жатқан көшпелілер әлеміне, оның бір мұрагері – бүгінгі қазақ мәдениетіне үркіп қарайды. Ол – алқынған еуроцентризм мен бұлқынған славянизмнің «егіп кеткен» ауруы.

Орыс тілінің сойылын ары қарай соға беруге ұяты барларының намыстары жібермейді. Сонымен, күнделікті қызмет, пәтер деген шағын ғана жылы ұяларында бұғып-бұғып отыр. Яғни, апатия, әрекетсіздік, үнсіз жиырылу... Оның үстіне оларды қазақ тілінен «қамал» жасап алған төл шикілі-пісілі зиялысымақтарымыздың о жарлығы мен қодарлығы қатты шошытады. Сонау Геродот, Страбон айтып кеткен апалас-төпелес, қаннибалдық «далалық күрестерімізді» көргенде төбе шаштары тік тұрып, ұйқыларынан шошып оянады. Әйткенмен, қазақ тілді мансапқор мен надандарды жеккөреміз деп, оның арғы жағындағы бүкіл халықты тәрк етіп отыр. Ұлттың мынау «тар жол, тайғақ кешуі» тұсында үнсіз қалу – оған қарсы күресудің бір тәсілі.

Орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру үшін жанын жалдап жүргендері – номенклатураға іліккендері мен капитализмнің жас капиталдары. Олар орыс тілінсіз өздерінің, қалды Қазақстан болашағын көз алдарына елестете алмайды. Номенклатура мен жас капиталистер бұл идеяны өз орындары мен ықпалдарын пайдаланып, кең де жарық кабинеттерде нықтап жатса, орыс баспасөзінде Нұрболат Масанов секілді нигилист мырзалар жанын салып, «біршімбайлық» танытуда. Бұл майданда, әрине, олардың сүйенгендері – «капитандардың» қалың қалтасы. Сөйтіп, аз қолға жиналған қазақтың байлық-шайлығы оның өзіне қарсы қызмет етуде. Оған көз жеткізгіңіз келсе көп қиналмаңыз, Алматының Абай даңғылына шығыңыз. Саптағы солдаттардай сіресіп тұрған шетел, орыс тіліндегі қызыл-жасыл жарнамаларға көзіңіз сүрінеді. Қалталы «господиндердің» Абай аталарының 150 жылдық мерейтойына «тарту-таралғыларының» сықпыты осы. Оның орнына Абай ғақлияларын іліп тастаса, бір ашылса аңқалақтап қалған қазақ бұлардан айналып кетпес пе еді. Яғни, өзгеге құлдықты пір тұтқан жаңа ұрпақ өсіп үлгірді. Орыс тілді номенклатура, көзіне ұлт емес, доллар көрініп тұратын «капитандар» және шовинистер үшеуі бір майданға бірігіп, 19 облыстан тұратын Қазақстан Құрама Штаттарын құрғысы келеді. Амал не, тағдырдың тәлкегі осы: олар да, оның ішінде біз жазған да бармыз, бәріміз де «кеңес» атты казармада өскен жетім ұрпақпыз. Хем,

Э.Хемингуэй шалдың сән де ащы сөзімен айтсақ, «жоғалған ұрпақ» (потерянное поколение).

Олар бізді орыс тілі, тіні, мәдениеті мен өнері арқылы ұшпаққа шығармақ. Өскен елдің өнегесі біз үшін тәлім екені рас. Одан қашып отырған жоқпыз. Бірақ, бұл – ұлттың ішкі дамуы, өз ықтияры, дүмпуінің дегенімен біртіндеп, күндердің күнінде, замандардың заманында барып іске асатын шаруа. Орыс тіліне мемлекеттік мәртебені зорлықпен беріп, күшпен «екінші ана тілі» жасау арқылы ұлт тағдырын жойдасыз жолға салу онсыз да резервациядағы, геттодағы кедей қазақты ашындырады – бір; екіншіден, бұл әдіс – кешегі коммунистік системаның қайғылы эксперименттерінің тікелей заңды жалғасы. Мұндай «мессияның» зардабы бәрімізге белгілі.

Ең жаманы – қазақ тіліндегі номенклатура да сырттай: «Қазағым жасасын!» – десе, түптеп келгенде, ұлт қамын жеп отырған жоқ. Орысты түртпектесе, оларға қуатты да біз тілді, әділет тілегіш жергілікті орыс халқы емес, қашан тамағына пышақ тақағанша қыңқ демейтін момын қазақты оңаша жәукемдеуге керек. Осы мақаланы жазып отырғанда «Тотем» радио каналы Алматы облысы, Қаскелең ауданында көптеген медпункттер мен кітапханалардың, ұстаздардың қысқартылып кеткенін айтып жатты. Көрдіңіз бе, кіл халықтың ағзасының амандығы мен рухани мүлігін бағатын қасиетті орындар! Басқару аппаратынан бір де бір атқамінер «шығын» болмапты. Ал, үкімет оларға дәл сол масылдарды қу деген. Қандай да бір игі мақсаттарды жергілікті, өзіміздің номенклатура өстіп ит етеді. Нұрекең, Н. Назарбаевтың да маңайымда кадр жоқ деп «күйзелетіні» соңдықтан. Бізді соңғы жылдары нашар дамыған ғасырда қатты ренжіткен, сасық Қарабай, би, болыстар осы сірескен номенклатура армиясы, Абайды өткен ғасырда қатты ренжіткен, сасық Қарабай би, болыстардың «немере, шөберелері». Зиялыға өмір бойы қарсы от қойып жүрген бұл тасбақалар, «қызық» болғанда, өздерін, «ойдың алыптары» деп түсінеді. Өмірде не болмайды деген осы.

Ғылым, ілім, әдебиет, өнер басқару-жасқару құрылымдарында бір де бір номенклатурашы: «Мынау қызмет менің тақияма тар еді» деп еркімен тағынан түскен емес. Тек «атып» құлатқаннан кейін ғана мысықтай баж ете қалады. Өте жаман симптом! Асылы, капитализмнің аяуды білмейтін өткір жарығы біз осы кімбіз, оны да ақыры барынша өлтіре көрсетті.

Қай қоғамның болсын, түптеп келгенде, тағдырын адам, қоғам мүшесінің сапасы шешкен. Екінші дүниежүзілік соғыстан өлімші болып, әрең шыққан Жапония астық, мал, пайдалы қазбадан ада болса да, қазір әлем алдына шығып отыр. Неге? Олар ең алдымен сонау феодалдық заманнан жапондықтардың бойына сіңіп үлгірген синтолық ілімдей тәңіріне, еңбекқорлық, камикадзелік жанкештілік пен самурайлық тәртіптілігіне – тек өз ұлтына ғана тән қасиеттерге сүйенді, сол қасиеттерді өшірмеді, қайта пілтелей түсті. Оған қоғамдық негіз жасап, ұлттық валютаға айналдыра білді. Орасан зор ғылыми, интеллект күші бар Ресей де Шаталин,

Явлинский, Гайдарларына сүйеніп, тығырықтан жол тауып үлгірді. Кешегі партия қызметкері Ельцинді президент Борис Николаевич Ельцин ғып, жасап отырған да осы жас қырандар. Мұны Борекеңнің өзі де нақ түсінгендей. Ол Нижний Новгородтың губернаторы, бар болғаны 33 жастағы Немцовты: «Ресейдің болашақ президенті сен боласың!» – деп арқасынан қақты. Өрімдей жас Кирсан Илюмжинов Қалмақияны тырп еткізбей бағып-қағып отыр. Бізде ұрпақпен ұрпақ арасында мұндай түсіністік пен қамқор көңіл бар ма? Қайдам, біз көрмедік. Бұл жақсы қасиеттен зиялысы жұрдай болса, саясат, билік таласындай «мәдениетті қырғында» қайдан болсын!

Қазақ тілді «зиялылардың» да оңып тұрғаны шамалы. Орыс тілді қандастарды қатарға шақырып, дізе қосып қимылдауға да болар еді, егер, оған біз жарасақ... Тіпті, сол «жарауға» арамызда құлық жоқ па деймін. Өйткені, әлгі бес қаруы сай өзге тілді қандастарымыздың қасында одағайлығымыз бен о жарлығымыз, ашқарақтығымыз бірден білініп жатыр. Ұлттың қансорпа тұсында, алдыға сол пысықайлар секіріп шықты, «ана батырға ескерткіш, мына биге мазар орнатамыз» деп, аты-жөні белгісіз біреулер халықты алдап, әртүрлі қор құрып, майрағай да тайрағай өмір кешуде. Шын зиялы тағы да кеш қалды. Барар Балқан тауымыз қай жерде, оны білмесе де, ұлт дізгінін қолынан өлсе де шығарғысы жоқ. Өйткені, ол – өмір бойғы ішіп-жемі.

Санға жүгінсек, ырғынбыз. Сапа жағын қойдық. Социология зиялылық үшінші ұрпақтан басталады дейді. Қайнар бұлағы тұнық, тәлім-тәрбиесі түзу болса... Біз болсақ, қанында ханзадалық пен бектік бар Мұхтар, Қаныш, Әлкей сынды біраз тұлғаларды, басқаны төңкеріске дейін оқыған-тоқығанымызды тып-типыл қырып алған бейбақымыз. А. Д. Лихачев, Л. Н. Гумилев жоқ бізде. Қалғанымыз – құл-құтанның балалары. Кеңестің көрінбейтін түрмесінде өскен көргенсіз, жарымаған ұрпақымыз. Біздің арамызда Патша Лицейінде өскен дворян Пушкин де, князь Чаадаев та, ақсүйек Тургеневтің баламалары жоқ. Немесе кітапханаларынан Маркс, Энгельстің толық шығармаларын алып оқуға болатын патшалық Соғыс академиясынан білім алған сері де ізгі офицерлер қауымы маңдайға жазылмапты. Пәлсафашыларымыз шетінен коммунизмді кезінде «тыныш жатқан ұйқысынан түртіп оятып жіберген» гегель, кантшылдар. Әдебиетте күні кешеге дейін «бай, феодал» Едігемен «алыстық». Ілкі сәт ояна бастағанымыз – осы соңғы қарын аша бастаған төрт-бес жылдың жүзі ғана. Бұл Андрей Платоновтың терең шұқырынан («Котлован»-ды оқыңыз) тырмысып шыға бастағандар тек нақты ғылымның (точная наука) өкілдері ғана. Ал, әлгі кеңес тұсында өсіп-өрбіген гуманитарларымыз өздері ғана ол қырсық шұңқырда отырып қалса бір сәрі, қолма-қол инкубатор жасап, дәл өздеріндей мыңдаған түк білместерді дайындап үлгірді. «Бахтин кім?» десең, быттиған мұрнын басып көрсететін дәлдүріштер «егемен ел болып», Жоғарғы аттестация комиссиясының дізгіні өз қолымызға тигесін

құмырсқадай қаптады. Түп-түгел ғалым болып кете жаздадық. Қазір Ұлттық Академияға кірсеңіз, амандасуға аспирант таба алмай (бәрі де қорғап кеткен!), тек кандидат, докторлардың мәлике жүзін көріп, мүбәрәк қолын аласыз. Кеше хатшы-мәшеңкеші еді, бүгін – кандидат! Ертең – мүйізі қарағайдай доктор! Бәрінің бастауында әйгілі «блат», тамыр-таныстық тұр. Жоғары Білім министрлігі көрші елдер әлдеқашан меңгерген тест әдісін кіргізіп еді, қазакем оны да айналып өтудің жолын тауыпты. Тестің сұрақтары биыл кейбір абитуриенттердің қолынан емтиханнан бұрын табылып жүрді. Әйтпесе, қабылдау комиссиясының қақпасын күзетіп тұрған адамның қолына «ұлттық банкнотты» қыстырады да, надан абитуриенттің орнына жетілген студент кіреді. Енді, тек, Шерлок Холмсты Англиядағы көрінен тұрғызып әкеп, күзеттіріп қоймасақ, басқа амал жоқ. Әй, ол Холмсыңыз да күні ертең теңге тілеп тұратын шығар – оны да үйретіп аламыз ғой! «Сырттан оқу» деген өтірік оқуды ойлап тауып, сессия сайын жебір оқытушылардың қалтасын қампайтып жүргеніміз анау. Ит жылы басталған осы «блаттың» бүгінгі нәтижесі көз алдымызда – шынымен надан ұлт болуға айналдық! Әдеби зерттеуде баяғы Мұхтар Мағауин ағамыздай жаңалық ашқан ғалымның атын соңғы кезде естісек, құлағымыз керек болсын. Әдеби көкжиегімізден жаңа Мұқағали, Бердібек, Төлеген, Оралхан, Сағат, Асқарлар жоғалды. Баспасөзде бүгінгі күннің суретін салудың орнына, қайдағы бір емші, әулие, бақсы, құшынаштардың ұпайын түгендеп, орыс журналистерінің мазағына қалып жүрміз. Ал, той-томалақ десе, елдің алдымен ентігіп жетеміз, ертеңінде ішкен-жегенімізді ертегі ғып жазамыз. Халық болса, аштықтың алдында. Қысқасы, рухани дүниеміз теңге сықылды жаппай инфляцияға ұшырады. Егер, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» айналмаса... Тәуелсіздігімізді де сата бастаған сияқтымыз. Басы бүтінімен сатып жібермесек...

Жалпы, диссертациялар қорғаудың фордтық конвейеріне жаңа көзқараспен қарайтын уақыт әлдеқашан жетті. Қазір ғой, кейбіреуіміз: «Тәркілеу жылдарының Бейімбет Майлин шығармаларындағы бейнелеуі» деген сияқты «мәңгі өлмес» тақырыпта диссертация қорғап жібереміз де, күні ертең университетке барып, әдебиет тарихының кез келген буынынан сыпыртып лекция оқимыз. Біздей «білімділерге» Орхон-Енесай жазбалары, кеңес әдебиеті ме, бәрібір «алып та, шалып та жығамыз». Қысқасы, ботқа! Ондай ботқа ұстаздар ботқа шәкірттерді тәрбиелеп жатыр. Бұл көп ботқа жиналып, күні ертең ботқа корреспондент мүшені, академикті сайлай салады. Өйткені, бұрынғы Одақтық қырағы бақылау, тексеру жоқ. Өзіміз би, өзіміз қожа болған соң баяғы кинорежиссер марқұм Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібекті» түсіріп жүріп, қашай салған кино таңбалы тасынан «әлемдік жаңалық ашып», масқара болған кезіміздей, ауадан академик жасап жүрміз. Бізден әлденеше көш озық, мәселен, Францияда білімді жазушылардың бәрі еш қорғаусыз-ақ Сорбонна, Нант секілді сайыпқыран университеттерде сабақ береді, бәрі де дағарадай профессор.

Ұлт мақтанышына айналған, ол академиктерге: «Диссертацияң қайда?» – десең, «Ол не?» – дер еді. Француздардың бүгінгі ой ағымына баға беріп, келешегін нұсқаған мақала, кітаптары бар ма, бітті – академик! Білімсіз екенсіз, студенттерге жақпайды екенсіз, он жерден академик болсаңыз да айтатыны: «Ары тұрыңыз!»

Ең жаманы – сақалды көрінген жерде сапситып, саудаға салатын болдық. Өлер алдында жиырмаға жуық ақын-жазушыға батасын беріп кеткен ұлы Мұханның қадірлі сақалы ұмыт. Біздің кейінгі қазақы сақал – кеңес заманында өскен, кеңес қайшысымен күзеліп, түзелген сақалдар. Колбиннің тұсында қырық түрленіп, құлпырған олардың біразы бүгінде: «Өкшемізді басып, жас толқын келе жатыр-ау, олардың халі мына аумалы төкпелі заманда не болады-ау?» – дегенді естен шығарған, ойлағандары – алып қалу, қарпып қалу. Әдебиетке алты жасар талант келсе, баяғыдай алпыс жасына қарамастан орнынан тұрып, сәлем беру қайда, қазір: «Ой, міне біреу рұқсатсыз қайдан кіріп келді? Кәпірдің түрінің жаманын-ай!» деп, қарадай үркіп, көпе-көрінеу жасқаймыз. Қасымыздағы өз бала, інімізден қас іздеп тұрамыз. Оларға салсаң, қолға құман алып, иыққа сүлгі іліп, өмірбақи қызмет етіп тұруға тиістісің. Яғни, феодализм, кеңестік құлдықтың жалғасы. Қазақтың ақсақалы – оның зиялысы еді. Талантқа тар, халтуршикке кеңбіз. Жалпы, бір ұйықтасақ Алпамыстай қатты кететін халық екенбіз. Кеңестік летаргия әбден меңдеп алыпты. «Ұлт» деген кішкене ғана күркешік жасап алып, соның ішінде «сәби болғым келеді, сәби болғым» деп, әндегіп қойып, бесіктен беліміз шықпай жата бергіміз бар. Қарттарымызда қадір, жастарымызда жалын қалмай барады. «Әлем әдебиетінен асып бара жатырмыз, тоқтай тұрамыз ба, осы қалай?» деген анау жылғы есепсіз бөспелігіміз әншейін балалық екен. Оған дәлел – «Қайта-қайта қырылған қайран елім, қазағым!» деп зарлағанда әлемнің құлағын тұндырамыз да, ал, сол туралы «үстелге жазылған» бір де бір шығарма қазақ әдебиетінен табылмады (аға ұрпақты айтып отырмын). Қазір құлшына-құлшына жазатын үйреншікті кеңестік «жетістіктер мен табыстар» жоқ. Тарих таусылуға таяу, архив қазуға құйрық үшкір. Кемшілікті қаза жазуға жалған намыс жібермейді, оны көретін көкірек көзіміз әзірге соқыр, шеберлігіміз шамалы. Жаңа өскінді, мына, жынды базар табанының астына топырлатып салып, көз алдымызда аяусыз таптап жатыр. Жазушылар одағы күн көрісімен мұң. Қазандық басында шаң-шұң ұрыс шығарып, бала-шаға алдында ұятқа қалдық.

Халықтың қалтасына түсіп, алдыға келгенді арпадай асау «ұлттық» қасиетке айналды. Ішінара қанынан, туысынан жаралған зиялыларды тасқын судай коррупция, надандық шайып барады. Орта буын да бұл сырқатқа ұшырай бастаған. Басы мыжылып қалған біздің тұтастар арыстандай ақырып, атандай шақыра алатын емес. Тоқырау заманы өтіп кетті деп жүрсек, рухани тоқырау енді-енді басталған секілді. Джек Лондонның «Өмірге құштарлық» әңгімесіндегі кейіпкердей: «Қарнымыз

қайтадан ашып қалмай ма?» дегенде үш буынның да қорқынышы сұмдық. Мұның бәрі елдің, ұлттың болашағына күмәнмен қараудан туындап жатыр. Яғни, елсүйермендік сезім аз деген сөз.

Қазақ зиялысына бас-көз бола ма деген қаламгерлер өстіп жерге қарап отыр. Шынымен әлгі «екінші сорт» деген деңгейге жылжып барамыз. Өзгелер тапа-талтүстегі аталмыш талайсыздықтарымызды көрмей-білмей отырған жоқ, себебі, біз 360°-тан бірдей байқалатын бас ұлтпыз. Қысқасы, егемендік жылдары біздің рухани дүниеміздің қараша қос күйі желдің өті, жолдың шетінде тәлтіректеп тұрғанымызды мөр ұрғандай дәлелдеп берді. Қарадүрсін қазақтықтан сәл көтеріліп, өз-өзімізге әлем мәдениеті мен өркениеті биігінен баға беру біздің сормандайға жазыла ма, жоқ па?

Тоқ етері: бүгінгі қазақ зиялысы, тұтастай алғанда, қай зиялы десек, бірен-саранын есепке алмасақ, алтыбақан алауыз кеңестік зиялы, мутант, дүрегей, қомағай «зиялы». Көбіміз Абайдың емес, оның ашынып айтқандарының төңірегінде табылып жүрген феодалдық-кеңестік, мырқымбай зиялымыз.

Есімізден екі елі шығармайық, «бас-басымызға би болып» бөліп алуымызға қазақ аздық етеді. Бүйте берсек, мына, апан дүниеге тастай батып, судай сіңеміз. Тәжікстан сондай оппада. Өткен ғасырда аюдай ақырған Ресейге 25 жыл бойы қарсы тұрып, ауызбірлігімен әлемді таңқалдырған чечендер де соған тақау. Егер, бірлік, ежелгі түріктік, туысқандық қасиеттерімізді қайта тірілтпесек, күніміз қараң. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп халық мұндай мисыздыққа баяғыда-ақ қысқа, қатал бағасын нақ берген.

Сонымен, әпкем ешкі, жездем теке ме? Негізінен, зиялы – қазақ топырағынан бастап, әлем мәдениетін нық меңгерген, өз ұлтына жөн сілтейтін, асып жатса, өзге ұлыстарға да үлгі болатын, қара халық пен болашақтағы аристократияны жалғастырушы алтын көпір. Орыс тілдіміз, басқа жарағы сай болса да, өз ұлтын білмейді. Қазақ тілдіміз өзін білсе де, өзгеден хабары аз. Екеуі де жарымжанды, жарты санды, жартыкеш. Екеуінің де қарны аш. Сондықтан, қомағай. «Біз бармыз!» деп өзімізді-өзіміз алдамайық. Бар секілдіміз... «Секілділерден» тәлім-тәрбие алған қазақ баласы қазір көшеде сауда жасап, реті келсе кісі тонап жүр. Келешегі – күңгірт...

Тығырықтан шығатын жол бар ма? Бұл екі сырқаттан аман, жаңа қазақ зиялысын әзірлейтін мемлекеттік бағдарлама керек. Әзірше оған мұрша жоқ – қалта таяз. Егер, қой емес, ой бақсақ, болашақта нигилистер мен феодал кеңестік төл зиялысымақтар «тақтан таяды» да, оның орнында бұл «ғасыр шайқасынан» аман қалған ат төбеліндей аз интеллигент қалады. Жалғыз да қалмайды, оларға бұл күнде Президенттің стипендиясына, өз есебінен оқып жатқан тым орыстық, тым қазақылықтан дені сау жастар үсті-үстіне қосылады. Сөйтіп, екі топтың озығы мен «шетелдіктерден» жана үштік одақ – сапалы қазақ зиялысы қалыптасады. Оған дейін ұлт «сабыр

түбі – сары алтын» деп, жылай-жылай тоса тұра ма деймін – бұдан зорына да шыдаған.

Ол көркем заманға дейін «піс, аузыма, түс!» деп, қарап отырамыз ба? Әрине, алдымен барлық буында жариялылық керек. Докторлық тек аса ірі, жаңалық ашқандарға ғана берілуі қажет. Мүше-корреспондент, академик дегенде ұлт танып, тік тұрып мойындағандарды ақ шар, қара шар салып емес, ашық түрде бүкіл халықтың алдында үкілегеніміз жөн. Жұрт жылы қабылдаған зерттеу сын кітаптарға диссертациясыз-ақ ғылыми атақ беріп, талантты қаламгерлерді университеттерге ұстаздыққа тарту қажет. Өз-өздерін таныта жатса, доцент, профессорлықты неге аяймыз, әкемізден қалған атақ емес.

Бүгінгі 600 жазушының соңғы бір «0»-ін алып тастаса, түгі кетпейді. Қазаққа осы әзірге жетеді: Қайта сапасы жақсарып, сұлулана түседі. Ол 60 кім, оны үш жүздің ең тәуір-тәуір қаламгері бас қосқан үлкен кеңес шешеді. Одақтан тек Әдеби-қорды қалдырып, оған «па-ра» десе түсінен бақырып оянатын өте таза адамды, келесі күні ұрлық жасамасын десек, жалақысын көтере-көтере қою керек. Одақтың үйін тұтас, Шығармашылық үйді жарым-жартылай жалға беріп, әлгі алғыр 60 «Алпамысқа» күнкөрістік стипендия төлеген жөн. Анау батыр, мынау би атындағы қорлар жас ғалым, әдебиетшілерге бір-бірден стипендия белгілесе, қане! Жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық түрде емес, баспасөз бетінде атын атап, түсін түстеп тұрып...

Зиялылар партиясын (ол Түркияда бар), одан қашсақ, Кеңесін құрайық. Ұлттық Академия, Жазушылар Одағы, «Қазақ тілі» қоғамы аясында бола ма, бәрібір. Оған басшы бұрынғы кресло иесі емес, жігерлі, іскер жігіт, қызды сайлап жіберсек... Ол директивалық емес (шығармашылар әртүрлі «басшылықтардан» өлесі болып шаршаған) ауық-ауық жиналып, ақылдасып-кеңесетін, бағыт белгілейтін жиын, клуб болса тіптен жақсы. Силық, лауреаттық атақтар осылардың Бас жиылысында жылына бір реттеліп жатса... Мемлекеттік дәрежелерді де осы клуб шешсе... Оған Елағасы тек келіскендік райда қаржы жағынан қол қойса, өйткені, қаншалықты ғұлама болса да Президент ғылым, әдебиет, өнерді олардың өздерінен жақсы біледі дегенге ешкім де сенбейді. Парламент, үкіметке деген «тіленшіліктеріміз» де осы клуб, партия атынан Президент, премьер, Кеңес төрағасы кабинетінде айына бір рет айтылса. Қысқасы, оның девизи – қорқыту, үркіту, әкіреңдеу емес, қамқорлық, қамқорлық және қамқорлық!

Елуге келмей еңіреп, ақыл айту ұят-ты. Айтатын ақсақал болмаса, қайтейік.

Марат ҚАБАНБАЙ.

«Дат». 1994 ж.

Ғаббас:

Мараттың бұл мақаласы да жанайқай сипатты. Біраз мәселені толғап, жөн-жосығын ашық айтқан. Ішкі наразылық, қарсылық сезімі сыртқа ара-тұра тым қатқыл сөз-сөйлемдері араласып шықса да.

Мені зиялылар жөніндегі пікірі баса ойландырды. Облыстық және республикалық гәзет-журнал ұжымдарында қызмет істеген 40 жылда өзім де арасында жүрген үлкен-кіші зиялылардың түр-түрін көргенімді тәптіштемей, Мараттың тұжырымынан тудыра айтарым: бізге тәуелсіздік бұйырған 1991-жылға іле-шала, 1992-жылдан бастап, бұрынғы «Сын түзелмей, мін түзелмейді!» ұранымыз керек болмай қала берді, зиялылар «Қазақстанды тәуелсіз ел еткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты» мадақтауды «модаға айналдырып», оның жеке басына табынуды баста да үдетті. Сол құбылыстың зардаптарына күйінген қаламдас інім, бүгінде марқұм Мараттың зиялылар туралы ой түйініне орай бір ғана жәйтті естерңізге түсірейін:

2019-жыл, наурыз айы. Биліктің дізгін-шылбырын 28 жыл бойы ұстаған Н.Назарбаев Тақ шіркінінен әлдебір есебімен бе, әйтеуір, жайбарақат түсіп, орнына Қ.Тоқаевты жылы жымия отырғызды. Сонда шәкірті ұстазына қандай алғыс айтып еді? Ол: «Астана» қаласы «Нұр-Сұлтан қаласы» делінсін, облыстардың орталықтарындағы көрнекті көшелерге Нұрсұлтан Назарбаев аты қойылсын!» деп президенттік №1 жарлығын оқып берді. Ондай «тарихи жаңалық» ешбір мемлекетте болған емес, болмайды да. Парламенттің депутаттары, арбаның 5-доңғалағындай Ассамблея дегеннің шенеуніктері, яғни мәжіліс залына лық толып, сықиып отырған «зиялылардың» тым болмаса біреуі: «Бұл қалай?» деген жоқ. Ол не?.. Ол – зиялылардың қалыптасқан мүлгуизмі! Назарбаевтың Қазақстанды ілгерілету орнына кері кетіргенін бәрі білсе де, мыңқ демеді.

Меніңше, Мараттың бір ағаттығы – Кеңестік (коммунистік) жүйені мансұқтағаны. «Алашорданы құртты» дегені. Негізінде И.В.Сталиннің басшылығы жылдары одақтас республикаларды баса-көктеген, ұлтты алалаған, кемсіткен нұсқау-бұйрық болған жоқ. Ресми басшы ұйымдардың жұмыстарында қателік бола қалса, оны жергілікті партия, кәсіподақ ұжымдары дереу тексеріп, тиісті шара қолданылатын.

Баспасөздің берік ұстанымы «Сын түзелмей мін түзелмейді» болды.

Мемлекетке 100 мың сом зиян келтіргенді ату туралы заң болды.

Халықтың мүддесінен туындаған ол тәртіп Кеңестік жүйемен бірге кетті. Жағымпаздық, жалақорлық, жемқорлық атқа мінді. «Тістілер мен тырнақтылардың заманы» келді.

«Алаш» десек, оны Кеңес өкіметі емес, қазақтар өздері бөлшектеді. Қазақстан Өлкелік партия комитеті құрылып, Кремль 1-хатшылыққа кімді ұсынатындарын атауды сұрағанда оған дейін де бастары қосылмай жүрген ағаларымыз қақ жарылып: Бізде лайықты кандидат жоқ, өздеріңіз жіберіңіздер, деп жарыса хат жазды. Сөйтіп, 1920-жылы Пестковский

жіберіліп, 1954-жылға дейін орыс, еврей, поляк, грузин, армян бар 8 кісі билік құрды. Л.Троцкийдің ең бетпақ шабармандары: Голощекин мен Мирзоян, қашан өздері әшкереленгенше, талай сұрқиялық жасады емес пе?!

«Мараттың ағаттығы» деуім – «Алашқа» қатысты мына сабақтас екі деректі кітаптың бүгінгі, ертеңгі оқырмандары, жалпы жастарымыз біле жүрсін деген ниетім:

1. Донос Т.Рыскулова И.Сталину.

Қысқаша мазмұны: «Алаштың» ұлы тұлғасы» 1924-жылы көкек айының 29-күні жазған құпия хатында: Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхаметов бастаған 22 қайраткерді «советке қарсы» деп дізіп атап, дәлелін үйіп-төгіпті. Сталин ол хатқа «В мой архив» деп бұрыштама жазыпты.

2. Допрос Рыскулова Т.Р.

Вопрос: Директивы, которые Вы получили от РЫКОВА, Вы начали осуществлять?

Ответ: Да, во-первых, в целях срыва коллективизации крестьянских хозяйств и сеяния недовольства среди масс населения против советской власти, я, от имени РЫКОВА, предлагал организовать через кулацко-байские элементы ряд перегибов, особенно в отношении бедняцких и середняцких хозяйств. Я так же предлагал организовать массовый убой скота, порчу семян, сельскохозяйственного инвентаря. Я должен признать, что эти предложенные РЫКОВЫМ мероприятия в этой части проводились нами уже с конца 1929 года.

Наша подрывная работа в сельском хозяйстве продолжала развиваться по тем линиям, которые указаны были РЫКОВЫМ.

Очень большие перегибы организованы были нами в Казахстане и Киргизии. В Киргизии перегибы продолжались до 1934 года и проводились непосредственно через членов нашей пантюристской организации при содействии кулацко-байских элементов.

Проводником перегибов в Киргизии, так же как и всей вредительско-подрывной деятельности являлся член организации, бывший председатель Совнаркома Киргизской АССР - Абдрахманов.

В результате этой нашей вредительской работы, имели место массовые убой скота в Казахстане и Киргизии и значительная откочевка населения из пределов Казахстана и Киргизии в соседние края и республики и в Западный Китай, Афганистан и Иран.

(Халық жауы делініп тұтқындалған Т.Рысқұловтың тергеудегі жауаптарынан үзінді. Мәскеу. 03.07.1937 ж.)

Қосымша: И.Сталинге ақын ағамыз Сәкен Сейфуллин де хат жолдапты. 1924-жылы. «Алашқа» қатысты. Танысу артық болмас:

**Орталық Комитеттің Бас хатшысы
И.Сталин жолдасқа
Қырғызияның Халком Кеңесінің
бұрынғы төрағасы С.Сейфуллиннен**

Баяндау хат

Қырғызияның қазіргі саяси жағдайы мені Сізге төмендегіні қысқаша баяндауға мәжбүр етеді: Алдымен – өз басым туралы. Мен өзім туралы немесе қырғыз қызметкерлерінің ішкі күресі жайында бүгінге дейін ОК-тегі Сіздерге жазып та, айтып та көрген емеспін. Мұның себебі – жікшілдік турасында кінә тағылып, айыпталудан қауіптендім. Үнсіздік менің қателігім де болуы мүмкін. Енді мен бұл туралы Сізге білдіруді қажет деп шешіп отырмын. Бірақ Сізден бір нәрсені – мұның бәрін мен Халық Комиссарлар кеңесінің төрағалығынан алынған соң жазып отыр, бірдеңені сұрайын деп отыр деп ойламауыңызды ғана өтінемін. Мен ешқашан да ештеңені сұрап көрген емеспін, мұны менімен бірге 1917-18 жж. бері жұмыс істеген жолдастарым да растай алады. Істің мәні мынада: 1917-18 жж. Кеңестер үшін белсенді күрес жүргізген мені және бірталай қызметкерлерді, сол 1917-18 жж. қалай болғанда да Кеңеске қарсы және большевиктерге қарсы күресіп, партияға 1920 ж. кірген қырғыз жолдастар ұнатпайды және қырын қарайды. Осы күнгі біздің партиялық жолдастарымыздың «шығыс кекшілдігі» оларға басынан кешіргендерін ұмыттырмайды. Олар біздің 1917 ж. бастап Бөкейхановтың жетекшілік етуімен большевизммен күрескен қырғыз ұлтшыл-алашордашылармен қас дұшпан болғанымызды кешіре алмай келеді. Өйткені, бұл жолдастардың бәрі дерлік Бөкейханов, Тынышбаев, Досмұхамедовтердің не жақын достары немесе бас июшілері болғандар. Ал, осы аттары аталған үш субъектілер Сізге, әлбетте, таныс болар (Бөкейханов – Шығыс Алашорда өкіметінің төрағасы, Тынышбаев – Қоқанд Республикасы өкіметінің төрағасы, ал, Досмұхамедов болса – Батыс Алашорда өкіметінің төрағасы). 1917 ж. патша құлатылғаннан кейін Қырғызияның әр бөліктерінде қырғыз газеттері жарық көре бастады. Ал, бұған дейін Қырғызияда жалғыз «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы шығып тұрған еді. Мәселен, Ақмолада патшалық құлаған соң «Тіршілік» газеті, Семейде «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы, Ташкентте «Бірлік туы», Ордада «Ұран», Орынборда ескі «Қазақ» газеті, кейінірек Қызылжарда «Жас азамат» газеттері шыға бастады. Және де осы газеттердің маңына қырғыздардың азды-көпті зиялылары шоғырланып, топтасты. Мінекей, бұл басылымдардың бәрі, ақмолалық «Тіршілік» газетінен басқалары, большевиктерге, Кеңестерге қарсы жорыққа ашық аттанып, үзбестен антибольшевиктік үгіт жүргізді, большевиктердің көсемдері туралы пасық өсектер таратты, ұлттық-реакциялық «Алаш» партиясының идеяларын өрістетті. Тек қана жалғыз «Тіршілік» газеті қырғыз кедейлерінің

мүдделерін қорғады және ұлттық-реакцияшыл «Алаш» партиясына қарсы шықты.

«Тіршілік» газетін басқарғандар:

1. Дүйсенбаев – Керенский кезінде түрмеде отырған, Колчак тұсында қуғында қаза тапты.

2. Мен.

3. Асылбеков – словактардың көтерілісі кезінде түрмеге жабылды, қамаудан қашып шығып, Қиыр Шығыстағы Қызыл партизан жасақтары қатарында шайқастарға қатысты.

4. Серікбаев - Колчак түрмесінде қаза тапты. Тағы басқа да жолдастар болды.

Ал, қазіргі біздің партия бойынша жолдастарымыз болғандар, бізге қырын қарайтындар, ол кезде жоғарыда аталған большевизмге жаны қас газеттердің төңірегінде жүрді немесе әртүрлі қалаларда мекендегенімен, әлгі газеттерге шын мәнінде қолдау көрсетіп жазып тұрды, сөйтіп қалай болғанда да большевиктермен белсенді күрес жүргізді, көсемдер туралы өтірік, жексұрын лақаптар таратты. 1917 ж. Ақмолаға, большевиктермен шайқасуға атты әскер жасақтау үшін, ақша жинау үшін Алашорданың уәкілдері капитан Абылайханов пен дәрігер Сеитов келгенде, біз бүкіл халықтың өкілдері қатысқан үлкен-үлкен митингілер мен жиналыстар шақырып, оларға айқын түрде қарсы шығып сөйлеп, екі күн ұдайы сөзталасынан кейін жұрт біздің соңымызға еріп, Алаш уәкілдерін қуып жіберді.

Сонымен біз бір топ орыс жолдастармен бірлесіп Ақмоланың Совдепін ұйымдастырдық. 1918 ж. көктемінде төралқасының құрамында біз де болған Ақмола Совдепі Қырғыз Автономиясын құруға дайындық жасау жөнінде Мәскеудегі Наркомнацтың жеделхатын алған кезде семейлік «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналында «Алаштың» орталық басшыларының Мәскеудегі өздерінің уәкілдері Досмұхамедовтер арқылы қырғыздарға автономия алып бергендері жөнінде қуанышты үндеуі пайда болды. Біз Ақмолада бұл жайында шұғыл арада қырғыз еңбекшілерінің уездік съезін шақырып баяндама жасадық. Съезд біз ұсынған – Алашордашылар алған автономия қырғыз еңбекшілері үшін қажеті жоқ делінген қаулыны бірауыздан қабылдады. Орыс патшасының уряднигінің орнына хан уряднигінің қойылуын қырғыз еңбекшілері мүлде қаламайды. Біздің ұсынуымыз бойынша съезд Сталин жолдастың атына Алашорданың автономия алуына өзінің наразылығы мен қарсылығын білдірген мәлімдемесін жіберді. Сонымен бірге мен алашордашылар туралы, олардың қандай адамдар екендігін жазып Сібір Совдепіне баяндама хат жібердім. Мұның бәрі, әрине, алашордашыларға тіпті де ұнай қойған жоқ. 1918 ж. Сібір мен Оралда Кеңес өкіметі құлағанда алашордашылар шаттанып шыға келді. Жер-жерде өз өкіметін орнатып, жасақтары мен милициясын құрып, тіпті әскери мектебі мен оқу командаларын ұйымдастырды, қырғыз

большевиктерін тұтқындаумен болды. Бұйрықтары мен хабарлары өздерінің орталық газеттерінде жарияланып тұрды (Шығыс Қырғызияда семейлік «Сарыарқа» газеті, Батыс Қырғызияда Ойыл қаласында). Бұл кезде мен де, менің кейбір қызметтес жолдастарым да абақтыларда отырдық, ал, алашордашылар өкілдері «большевиктерді жою жөніндегі» комиссиялардың тергеулерінде жоғарыда аталған құжаттар мен «Тіршілік» газетінің жеке сандарын алға тартып, бізге қарсы, әсіресе «Тіршіліктің» жетекшісі ретінде маған қатты шүйлікті (Ақмоладағы Алашорда мүшелері, Нұралиндер). Қырғыз большевиктері заңнан тыс деп жарияланды (Алашорда өкіметінің №4 бұйрығы. «Сарыарқа» газеті). Олар шаттанып жүргенде біздің жолдастарымыздың біразы түрмелерде қиналды, өзгелері бой тасалап кетті, мен болсам, бірнеше жолдастарыммен бірге Ақмоланың абақтысында кісенделген күйде жаттым, ал, біздің «Тіршілік» газетіміз басып алынып, талқандалды. Тұтқынға алынған қырғыз большевиктерінің бәрі, қашып құтылғандарын есепке алмағанда, не атып тасталынды немесе азапталып, өлгенше қиналды. Ұлы күрестің осы бір ауыр мезетінде бүгінгі коммунистер, партияға 1920 ж. мүше болып енгендердің түгелі дерлік шаттыққа толы Алашордада қызмет етті, Дутов, Толстов, Колчак және Анненков сияқты генералдардың қанатының астына кірді. Бұлармен Алашорда тығыз байланыс орнатты. Алашорданың жасақтары мен аталған генералдардың отрядтары қызылдарға қарсы бірлесіп шайқасты. Ал, контрреволюция жеңіліске ұшырап, генералдар біржолата талқандалған шақта және ақыр аяғында, 1920 ж. туғанда, революцияның кешегі жауларының көбі, Бөкейхановтың өз басының, Досмұхамедовтер мен Тынышбаевтардың да мақұлдауымен РКП қатарына кіре бастады. Әрине, соңғы кіргендердің партиядағы үлес салмағы 1917-18 жж. аман қалған санаулы қырғыз коммунистерінен басым болып шыға келді. Мұнан соң лезде, іле-шала қырғыз коммунистерінің ортасында екі ағымның – оңшылдық пен солшылдықтың пайда болғаны айқындала басталды. Оңшылдар – бұлардың көпшілігі 1920 ж., ал, солшылдар – 1917-18 жж. партияға кіргендер. Әлбетте, 1920 ж. партияға мүше болғандардың да арасында, әсіресе жастар ішінде оңшыл элементтердің көзқарастарына теріс қарайтын жолдастар кездеседі. Міне, осы екі ағым бірде күшейіп, енді бірде жоғалғандай болып саябырлайды. Дегенмен, 1920 ж. бастап бізге жолдас болған оңшыл бағытты ұстанушылар болып көрінетіндерге біз де өте-мөте салқынқандылықпен қарай алмадық, өйткені, олардың істерін біз өз арқаларымызда өте ауыр сезіндік. 1923 ж. дейін біз осы оңшыл ағымға қайткен күнде де тым жол бермеуге ұмтылысымызды тоқтатпай келген едік. 1923 ж. бастап бізге оңшылдар өздерінің қисық жақтарына тартуды қойған сияқты болып көрінді де, біз оларға шын ниетімізбен сенім көрсете бастадық. Бірақ енді біз бұл жөнінде өзіміздің қателескенімізді көріп отырмыз. Оңшылдық ағымдар неден көрінеді? Бұл жолдастар, біріншіден, Қырғызияда таптар жоқ деп сендіреді, екіншіден, партияның ішкі

мәселелерін партиядан тыс зиялылардың ортасына шығарып, олармен бірлесіп талқылауды шығарған, ал, соңғылар болса РКП-ға кірмеген кешегі Алашорданың басшылары. Үшіншіден, қырғыздар арасында коммунистік жастар одағын ұйымдастырудың керегі жоқ деп, оның орнына бөлек «Қырғыз жастарының одағын» құруды мақұл көреді және т.б., осы рухта жалғастыра береді. Алашордашылар мен олардың басшыларының баспа жүзінде болсын, ауызша айтары болсын былапыт сөздеріне алдыңғылардың бірі болып мен ілігемін. Мен олар туралы 1917-18 жж. «Тіршілік» газетінің екінші редакторы және іс жүзінде газеттің жетекшісі болған кезімде, онан соң да, басқа түрде Орынбордағы ҚырЦИК органдары «Еңбек туы» және «Еңбекшіл қазаққа» да жаздым, тіпті менің орыс тіліндегі екі мақалам 1920 ж. Наркомнацтың органы «Жизнь национальностей»-де жарияланған еді. Әрине, мұның бәрі үшін маған кешірім жасай алмай келеді. Мен бұрынғы ауыл мұғалімімін. Жаман ба немесе жақсы ма, қырғыздың жазушысы мен ақынымын. Мінездеме үшін төменгі жайды келтірейін: өз кезінде замандастары–дворян өкілдері Некрасовтың ақындығын мойындамағандай, бүгін де буржуазиялық интеллигенцияның көптеген өкілдерінің Демьян Бедныйды ақын деп мойындағысы келмейтіндігіндей, Алашордадан шығып 1920 ж. партияға кірген біздің жолдастар да мені ақын деп танығысы келмейді, таныған күнде де түрлі ескертулермен танығандай болады. Мен революция туралы «Қызыл сұңқарлар», «Паровоз», «Қызыл батырлар», «Қызыл жауынгерлер» мен «Аэропланмен самғаған революцияның жаршылары», үгіт сипаттағы өлеңдер жазғанымда олар мұны «ақындық емес» және «жаман» дейді де, «қырғыздарға бұл нәрселер жөнінде жазудың қажеті жоқ, лирикаға үгітті енгізуге болмайды» дейді. Ал, мен тек қана табиғаттың сұлулығы жайында жазсам, олар мұның жарайды, тіпті өте жақсы дейді. Және де маған ғана емес, менің қалам ұстаған жолдастарыма деген көзқарас та дәл осындай. Мысалға жас ақын С.Мұқанов туралы да олардың пікірі осылай. Енді, Қырғызиядағы жалпы саяси жағдай туралы. Қырғызияда қазір 1920 ж. партияға келгендердің, яки оңшыл ағымдағы адамдардың үстемдігі орныққан. Тек қана ОАК [Орталық Атқару Комитеті] мен ХКК [Халық Комиссарлар Кеңесі] төрағалары оңшыл ағымға ниет білдірмейтін адамдар. Сондықтан, сырттай қарағанда жоғарғы басшылықтың бәрі оңшыл бағыттағы адамдардың қолында емес сияқты көрінеді. Солай болған күннің өзінде екі кісі не істей алады, оның үстіне Халком Кеңесінің төрағасы жолдас Нұрмақовтың мінезінің ауырлығы, ҚырОАК-нің төрағасы Мыңбаев жолдастың шала сауаттылығы олардың сыртынан оңшыл ауытқушылардың жұмыс істеуіне аса қолайлы жағдай тудырады. Міне, осы соңғылардың ішкі бірлігінің беріктігі сонша, Компартияға мүше адамдар мен үлкен әрі жауапты қызмет орындарында отырғандардан бастап, аяғы Бөкейханов, Досмұхамедовтер, Тынышбаевпен, ақындар Жұмабаев, Дулатовпен бітетін бір шынжырдың бауына ұқсайды. Бұл адамдарға кедергі жасамақшы болған жолдастар

ертүрлі сылтаумен лауазымды қызметтерінен біртіндеп алынып, олардың орнына «өз адамдары» қойылуда. Бүгінде ГАК-тердің (губерниялық атқару комитеттері) барлық төрағалары, Орал ГАК-нің төрағасы жолдас Досовтан өзгелері, олардың «өз адамдары».

1. Мәселен, Қырғыз ОАК-нің хатшысы Ж.Сәдуақасов орнынан алынып тасталды. Ол 1917-18 жж. алашордашыл ағымға қарсы күрескен белсенді күрескерлердің бірі, алашордалық ұйымдарға қарама-қарсы құрылған Омбының қырғыз жастарының «Демократиялық Кеңесіне» қатысушы. 1918-19 жж. Омбы қаласында астыртын қимыл жасаған, 1918 ж. желтоқсанында Колчакқа қарсы көтеріліс шығарған большевиктермен байланыста қызмет жүргізген адам. 1919 ж. ол мені және Нуркин жолдасты Колчактың концлагерінен қашып шығуымызға көмек көрсеткен, Байділдин жолдаспен бірге қызыл партизан Әбілов пен бір орыс жолдасты жасырып аман алып қалған адам.

2. Губком хатшылығы қызметінен Х.Жүсіпбеков алынды. Ол 1917-18 жж. Омбы оқушылары ішіндегі белсенді күрескер, Ж.Садуақасов, Т.Арыстанбеков, А.Нұрсейітов, Ә.Досов жолдастармен бірге алашордалық ағымға қарсы құрылған «Қырғыз оқушыларының демократиялық кеңесін» ұйымдастырған кісі.

3. С.Шәріповты алдымен Ақмола губаткомы төрағалығынан, соңынан, менің талабым бойынша Жоғары соттың Қырғызиялық бөлімшесінің Алқасына мүше болған жерінен қуып шығарылды. Ол 1917-18 жж. Көкшетауда Кеңес өкіметін орнатқан санаулы ғана белсенділердің бірі. Колчаковщина тұсында жасырынып жүріп, Туркеспублика мен Қостанай, Торғай мен Атбасар арасында астыртын жұмыс жүргізді. Міне, екі жылдай болды, ол өз ықыласымен «Жеммұнайда» [«Эмбанефть»] қызмет істейді.

4. Орал губерниясында алашордашылармен белсенді түрде күрескен жас қызметкерлердің бірі Исаев ОАК-нің хатшылығынан алынып тасталды.

5. Ипмағамбетовты – сол Орал губерниясында алашордашылармен алысқан белсенді жас күрескерлердің бірін – Орал ГАК-нің хатшылық қызметінен шығарып жіберді.

6. Абдрахманов Орал ГАК төрағасының орынбасарлығынан шығарылды, ол да алашордашылардың қас дұшпаны болған кісі.

Әрине, бұл аталған жолдастар бірден емес, әр түрлі мезгілде қызметтерінен қуылды. 1917-18 жылдардың күрескерлері жолдас Жәнібеков, Мүкеев, Байсалықов сынды, кезінде біз қолдау көрсетіп, уездер мен губерниялардан шығарып алып, басшы қызметтерге ұсынған жекелеген қазақ жұмысшыларын, қолдарынан келгеннің бәрін істеп, қайткенде де бізден аластауға тырысып бақты, сөйтіп Байсалықовты бізге қарсы қойған кезі де болды. Мені ХКК төрағалығынан алмақшы болғанда, осы жұмысшы жолдастар «жоғарылатылды». Мүкеевті ішкі істер халық комиссары етіп, Байсалықовты ҚырОАК төрағасының орынбасарлығына тағайындады, тіпті

ол ҚырОАК-нің төрағасы болады деген өсекті де таратып жіберді, ал ҚырОАК мүшесі Жәнібековты орта буын командирлер даярлайтын өлкелік милиция мектебінің бастығы етіп қойды. Өздері күшейіп алғаннан кейін, Омбыдан Мүкеевке қарсы, оны 1917 ж. бір омбылық көпестің дүкенін тонауға қатысты деп айыптайтын материал тапты (ол үшін Омбыға бір кісі арнайы барып келді). Жәнібековты ҚырОАК-нен шығарып жіберді, ал, Байсалықовты ҚырОАК-нің төрағалығына жоғарылатпақ түгіл, оны төраға орынбасарлығы қызметінен алып тастады. Жәнібековке ішімдікке ұрынды деп кінә тақты, ал, олардың «өз адамдары» да арақты тәуір ішетіні белгілі. ҚырОАК-нің төрағасы болған Меңдешев те қызметінен алынды. Алғашқы кезде оның саяси жолы дұрыс болғанымен, соңғы уақытта оның бойында орыс жолдастарды дұрыс-бұрыстығына қарамай құр мақұлдау сияқты өзгеше, жанды ауыртатын бөлек бір мінез пайда болғанға ұқсайды. Мен мұны жаман дерт деп есептеймін және мұндайға қарсымын. Міне, түптеп келгенде Қырғызияда қазір оңшыл элементтер басым, ал, «Алашорда» болса қошеметтеп қол шапалақтауда. Мұның осылай екендігін дәлелдейтін үлкен маңызы бар бір кішігірім оқиғаны келтірсем де болар. Ақмешіт (Перовск) қаласында Бүкілқырғыздық 5-ші съезд болып өтті. Жетісу мен Сырдария облыстарын өзіне қосқан соң бүкіл Қырғызия біржолата біріккендіктен бұл съезд алғашқы біріктіру съезі деп саналды. Съезд өз жұмысын бастаған соң екінші не үшінші күні маған бір жолдас: съезд мәжілісі өтіп жатқан залдағы қызыл тулардың нақ ортасында Досмұхамедовтердің Батыс Алашорда өкіметінің бетінде Құран сөзі жазылған жасыл туы тұрғандығын айтты. Мен сенбей қалып едім, дегенмен, расында да қызыл тулардың ортасында әлдебір жасыл тудың тұрғаны есіме түсті. Кейбір жолдастар наразылық білдірген соң «Алашорданың» туы алынып тасталды. Кейін айқындалғандай, оны бір орыс қызметшісі істің байыбына бармай іліп қойыпты. Ал, съездің мәжіліс залын даярлауға жоғары сауатты қырғыздар басшылық еткен еді! Съезд біткен соң Орынборға қайтып келе жатқанымызда, поезд үстінде, бұрын Алашорданың қызметкері болған ескі мұғалім, маған жақсы таныс Халық Ағарту комиссариатының қызметкері, екі жолдастың көзінше маған масаттана былай деген еді: «Сайып келгенде бәрі біздің дегеніміздей болды (яғни Алашордаша). Съезд біздің Алашорданың жасыл туы астында ашылды. Біз негізгі тірек интеллигенция болуы керек деп санағамыз және бұл идеяны съезде толығымен өткіздік. Жұмысшылар жайындағы сөздер бос қалды. Біз өз өкіметімізді «Алашорда» деп атағанбыз. Ал, мына өткен съезде Қырғызияның болашақ астанасы Ақмешіт (Перовск) қаласының атын Қызылорда (Красная орда) деп өзгерттік. Қырғыздар үшін қызыл, жасыл, ақ түстердің ешқандай мағынасы жоқ, оларға «Орда» қалса болғаны. Енді партияға біз де кіреміз («Орда» деп байлар мен ақсүйектердің киіз үйлерін атайды, ал, кедейлер мен жарлы адамдардың үйлерін «баспана» мен «лашық» дейді).

Міне, Алашорданың ұсақ оқытушы-қызметкері, бүгінде Нарком-проста істейтін адамның маған поезда айтқан сөзі осы.

Шынын айтқанда ол аздап қызып алған еді («Өз идеяларының» салтанат құрғанын жуған болу керек), дегенмен де, ол мұнысымен белгілі топтық, белгілі саяси ағымның көңіл күйін білдірді. Расында да, қазір зиялы қырғыздар мен қырғыз әйелдері ортасында, партияға әлі кірмеген, немесе кезінде кіргенімен ашаршылық жылдары партиядан шығып қалған Алашорданың бұрынғы қызметкерлері мен олардың шәкірттерінің партияға кіруге деген үлкен ұмтылысы байқалады. Бұлардың әр қалалардағы кейбіреулері партияға өтуге арыз беріп те үлгерді. Бұл жағдай Қырғызиядағы Компартия үшін әлі де аса қауіпті болып табылады.

Міне, қысқаша жазғанда, менің Сізге хабарлағым келген жәйттер осы. Мен өзіме ешнәрсе сұрап отырған жоқпын, маған ештеңенің керегі жоқ. Сонымен қатар, бұл баяндау хатпен бірге, мен үшін осы бір орайлы кезде, Орталық Комитетке мені саяси-экономикалық және марксистік білімімді толықтыру үшін ОК мені Социалистік академияға жолдама беруін өтініп арыз бердім, неге десеңіз, бұл жағынан мен өзімде үлкен кемістіктер барын сезінемін.

Коммунистік сәлеммен **С.Сейфуллин** (қолы)

22. 05. 1925.

Орыс тілінен аударған – Жұмажан Сүлеймен.

(Қазақтан Республикасы Президенті архиві. 811-қ., 24-т., 243-іс.)

Мараттың зиялылар қауымына қатысты айтқандары мені: «Қазақ десең, өзіңе тиеді», деген көне мәтелімізге тағы да жүгіндірді. Содан соң, сөз ыңғайына орайлас мына екі хатты жинаққа енгізгім келді. *Бірінші кезекте жас оқырмандар, олардың тарихшы болуды қалағандары* оқып, ойланып, еліміздің, халқымыздың тарихына қажет жәйттерді әрқашан анық айту-жазуды үнемі ескеріп жүрсе екен. Бірыңғай мақтау да, даттау да шындықты шырғалаңдау болады. Бұл рухани сырқатқа біздің буын да шалдықты. Бүгінде әсіресе жерлес-руластары «Қазақ әдебиетінің абызы еді», деп шексіз мадақтаумен құлаш-құлаш мақалаларын арнпп жүрген бір марқұм жазушымыздың «зиялылық өнерінің» бірі «біздікі еместің» үстінен керек кезде, керек жерге топтасып арыз-шағым айуды ұйымдастырғыштығы еді. Мен Жазушылар одағымыздың құзырында отыз жыл қызмет істедім, басқарманың бес төрағазының қоластанда болдым. Өлгі топ солардың төртеуінің үстінен қызыл су жүргізді. Ең сорақысы – алыс-жақын шет жұрттарға танымал Ілияс Есенберлинге жасаған қиянаттары. Ілекең қазақтың көне тарихын зерттеумен «Көшпенділер» атты үштомдық роман жазғанын білесіздер. Сол еңбегі Лениндік силыққа ұсынылып, мәреге грузин жазушысы Н.Думбадзенің бір кітабы (роман) екеуі жетті де, Ілекең үйге құрқол қайтты. Арада екі апта өткенде бізге

башқұрт әдебиетінің классигі Мұстай Кәрім мейман болып келіп, хатшылар алқасындағы әңгімеміздің бір әредігінде: «Е, қазақ бауырлар, Мәскеуге Думбадзенінің соңынан бір вагон жүзім мен шарап келді, Ілияс ағаның соңынан бір вагон арыз келді, ол қалай?» деді налыс раймен...

Ол арызды «қазақ әдебиетінің абыз» деп уақ-уақ мадақтала беретін Әбдіжәміл Нұрпейісов бастаған топ жазғанын кейін білдік («Жас қазақ» гәзеті тілшілерінің ақын Өтежан Нұрғалиевпен сұхбаттарынан). «Көшпенділерді» тілдерінің жеткенінше: жалпы тарихи да, көркем де емес, шала бірдеңе, депті. Сол баяғы жершілдік, жікшілдік, көреалмаушылық. Шіркін-ау, Лениндік силықты «Көшпенділер» алса, ол бір ғана Ілияс Есенберлиннің марапаты емес, қазақ әдебиетінің, исі қазақтың мақтанышы болатын еді ғой?! Сірә, олардың өздері ала алмайтын силықты «өзгеге» бұйыртпағандарына айыздары қанған шығар.

Біз жүретін ҚАСҚА ЖОЛ

Газетіміздің 25 жылдық мерейтойына байланысты жарияланымдар сериясының кезекті авторы – өмірден ерте кеткен талантты қаламгер Марат Қабанбай. Ол «ДАТ» газетіне миллиондаған айып салынып, сот шешімімен жабылған соң, 1999 жылдың шілдесінде ашылған «СолДАТ» газетінің бас редакторы болды. Сол жылы желтоқсан айында шығармашылық демалысқа кетіп, 2000 жылы мезгілсіз қайтыс болды.

Қазақ зиялылары арасынан үзіліп шығып, оппозициялық газетке өз қалауымен келіп, тәуелсіз басылымның қалыптасуына орасан еңбек еткен марқұм Марат ағаның мәңгілік мекені пейіш болсын! Оның төменде жарияланып отырған мақаласы әлі күнге дейін өзінің уақыт пен заманауи құндылығын жоймаған, бүгінгі қазақстандық билік үшін хрестоматиялық оқулық бола алатынын берік сеніммен айта аламыз. Оқып көріңіздер!
Редакция.

XX ғасырда қалыптасқан біздің глобалдық санамыз Жер шары жұмырықтай екен, соны ұқты. «Адамға табын, Жер, енді!» сияқты астамшылдық «Жер-Ана, кешіре гөр, біз пақырыңды!» сынды Ана-Бала тұрғысынан қайта қарала бастады. Адамзаттың миллиондаған жылға созылған шолжандығынан анемия болған Ана бұл күнде өлмелі халде.

Ендігі еркелігіміз – ақырзаман.

Бұл біздің есеюіміз-тін.

Және мынаны бағамдадық: Жер шары – 187 ел ақар-шақар тұрып жатқан алып жатақхана. Өткен замандарда әр бөлме – Ел өздерін әлемнің кіндігі деп білді. «Менікі ғана жөн!» деген планеталық өзімшілдік жатақхананы жындыханаға айналдырды: бөлме-бөлмелер соғыс қамалына айналды, бүтін бір ұлттар жер бетінен жоғалды (үндістер, австралиялықтар, солтүстік халықтары), жоғала жаздады (еврейлер, қазақтар). Жер шарын тек

осы ғасырда ғана үйте жаздаған екі бірдей дүниежүзілік соғыстан соң ғана тәубеге келдік. 1948-жылы Біріккен Ұлттар Ұйымын құрып (ООН), телі мен тентекті тыю үшін, Жер-жатақханада бейбіт өмір сүру қағидалары жасалып, халықаралық деңгейде соғысқа тұңғыш рет тиым салынды. Нью-Йорктегі Бас Ассамблея әлем тыныштығын бақты.

Бірақ адамның өзімшілдігі шексіз. Соғыс, кикілжің, шөлкем-шалыс әлі де көп! Ең соңғысы – Югославия Косовосы. Қазақстанның екі-үш ауданындай ғана жерде тұтанған өртті АҚШ, Англия, Ресей, Франция, Германия, Италия, алақанымен басқандай болып, әрең өшірді. Диктатор С.Милошевичтің басына 5 млн. доллар тігілді. Жер бетіндегі ондаған үлкенді-кішілі милошевичтерге жасалған қатаң ескерту!

Бұл шайқастың ол шайқастардан өзгешелігі неде?

Халықаралық ұйымдар, планеталық сана бар, термоядролық апаттан шошыну бар – мемлекетаралық соғыстар жоғалуға жақын. Есесіне ұлтаралық қырғындар өршіп тұр. Қазір Қытай, Канада, Ресей, Югославия, Сомали, Руанда, Уганда, Индонезия, Англия Ольстері, Испания Баскісі – қашан жарылатыны белгісіз бір-бір мина. Глобалдық ақпараттың нәтижесінде ұлттар өзін-өзі идентификациялауға кірісіп (өзін-өзі тануы), сана-сезімі өсуде. Бұл экстремизмге, ұлттық, діни жанжалға айналып, үй ішінен үй тігіліп жатқан да жәй бар. «Не қылсаң, о қыл, құрығанда тұрып жатқан бөлмеміздің (мемлекет) бір бұрышын басыбайлы бөліп бер, не отау ғып шығар, бөлек өмір сүреміз!» дейді оянған Сана. Осы жанжалдар рак ісігіндей халықаралық қатынастарда да метастаза беруде.

Қазір әр он елдің біреуі – атом бомбалы. Әлгі жанжалдарда ол алда-жалда жарыла қалса, бөлме (ел), оған қоса жатақханаң да (планета) күлге айналады. Планета аман болсын десең, әр мемлекеттің жеке-жеке тыныштығы керек – бүкіл әлемнің бүгінгі бас ауруы осы. Диагноз бесенеден белгілі: сыртқы жара ішке түсті. Бұл өте қауіпті. Дұрысы – алдын алу керек.

Оның рецепті де дайын, ол – либералдық, экономика, демократия... Ащы азаматтық қоғам... Әлгі бөлме-бөлмедегі, яғни әр елдегі отбасы мүшелерінің құқ теңдігі, сөз, бас бостандығы. Алғашқы нышандары Ертедегі Грекия полистерінде түзіліп, 1760-жылы Солтүстік Америкада, кейін 1789 ж. Француз революциясында түпкілікті бекітілген Адам құқы декларациясын – өзі бір бет қана! – қазір әлемнің қақ жартысы тұтынады. Ашық, азаматтық қоғам дегеніміз – әлгі декларацияны алтын дің ете отырып, өкіметтің әр ісі, hareketінің барынша ашық, айқын, мөлдір болуы. Бюджеттің жариялылығы, заңның әмір құруы, биліктің әділ бөлінуі, олардың бір-біріне, халыққа мүлтіксіз есеп беруі – қысқасы, түрлі-түрлі әділ сайлаулар арқылы халық билігінің салтанат құруы...

Осы бір өте қарапайым, бірақ темірдей қатаң заңдарды алғаш тұтынған тырнақтай ғана Ертедегі Грекия әлденеше ғасыр бойы адамзат көшін бастады. Мұның осы заманғы ізбасарлары – АҚШ, Батыс Еуропа шырқау биікте. Кештеу келгендердің өзі оқ бойы озық. Ал оны

мойындамаған авторитар, тоталитарлар көш соңында итпектеп жүр. Әрі сэр, әрі пэр У.Черчилльге салсақ, «Демократияның да оңып тұрғаны шамалы, бірақ адамзат осыған дейін бұдан басқа өзге жолды ойлап таппапты да».

XX-ғасыр қорытындысы осы.

Демократия дұрыс-ау, алайда әр бөлменің жылы-жұмсағын үңгіп жеп отырған титанозавр авторитар, тоталитарлар «демократ болсақ қайтеді?» дегеніңе өлсе көне ме, оңайшылықпен орын бере ме?

Көндіретін, босаттыратын механизмдер әлдеқашан жасалған. Іске асырушы – әлем халқының 10%-ын ғана құраса да, өнімнің 60%-ын беріп отырған АҚШ, Батыс Еуропа, яки НАТО елдері... Жер-жаһан экономикасы осы елдердің берген қарызы мен инвестициясының арқасында ғана алға жылжып келеді. Алып Қытай екеш Қытайдан қарызы мен инвестициясын бір мезгілде алып кетсе, Шың елі баяғы Мао-Цзе-Дун дәуіріндегі мыж-мыж көк күрте мен көк кепкі, кебісін бір-ақ күнде киіп қалады екен. Өткен жылы шөкелеп түскен Оңтүстік-Шығыс Азия мен Латын Америкасы, Шығыс Еуропа экономикалық торнадолардың ортасынан осы елдердің жетегімен шатқаяқтап шығып келе жатыр. Қазақстан экономикасына бір АҚШ-тың өзі 6 млрд. доллардан астам инвестиция түсіргеніне не дейсіз?

АҚШ, Батыс Еуропа өздері ғана бай болып, ұшпаққа шықпайтынын баяғыда түсінген. Көршің кедей болса, бай, бағлан, сенде де тыныштық жоқ. Ендеше кедейге қарас, қарыз бер, көмектес. Тек тегін асырама. Ондайға үйренгендер күні ертең «тағысын-тағы асыра!» деп аузын ашады. Ең дұрысы – өзін-өзі асыраудың жолын үйрет, үйренгісі келсе, қарыз бер! Және қарыздың дұрыс жұмсалуды, жолай ұрланбауды және уақытында қайтарылуын қадағалайтын жүйе жаса.

Алмақтың да салмағы, бұраудың да сұрауы бар. Тізгіні АҚШ, Батыс Еуропаның қолында тұрған Халықаралық валюта қоры (МВФ), Әлемдік банк (ВБ), Еуропалық реконструкциялау банкілері (ЕБР) миллиардтап қарыз беруін – береді («то кнутом, то пряником» дегенде келетін механизм де осы – М.Қ.). Тек бір-ақ шартпен! Қарыз алған елдер өз экономикасын либералдап, елін демократиялық жолға түсіруі, сөйтіп ащы, азаматтық қоғамға бет алуға тиіс. Не істеп, не қойып жатқаны белгісіз жабық қоғам – авторитарлық, тоталитарлық елдерге бұл банктердің есігі жабық. Өйткені берген қарыз нақты экономиканы дамыту емес, көбінесе сол елдердің «әке-көкелерінің» кең қалтасына түсіп, жоқ болады. Филиппин диктаторы Маркос, Индонезия генералы Сухарто сөйтті. Ашық қоғамды елдерде ғана қарыздың қайда барып құйылып, не істеп жатқанын көріп отырасың. МВФ, ВБ, ЕБР-дің пациент елдерден демократиялануды, экономикасын либералдандыруды ежіктей беретіні сан қуғаннан емес, әр \$-дың тиісті орнына жұмсалуды алдын ала ойлағандықтан. Бірде-бір \$ обыр шенеуніктің терең қалтасына емес, халықтың жайған алақанына түсуге тиіс – олардың ұраны осы. Сондықтан да коррупцияға қаны қаны қас.

Ал коррупция жабық қоғамда қатты құтырады. Жалпы, жабық елдер ылғи да әлемнің қалтасында жасырын жатқан, қашан жарылатыны белгісіз, кішкене-кішкене мина, бомбалар болып табылады. Өйткені жеке бастық, ұлттық эгоизмге негізделген дүниелер (режимдер) не өзін, не өзгені жалмамай, жармай тұрмайды. Милошевич те Косовода жарылды. Және қай жерде! Демократияның отаны – Еуропаның қақ жүрегінде. Милошевичті дәл бүгін жаншып тастамаса, күні ертең әртараптан ондаған милошевичтер: «Ә, өстіп те геноцид жасап, жазасыз қалуға болады екен-ау!» деп, бас көтеретіні анық. НАТО-ның Сербияны бомбаның астына аяусыз алғаны сондықтан.

Әдетте процентпен кері қайтқан қарыздар әлсіз елдерге жоғарғы шартпен қайта таратылады, сөйтіп Жер шары либералдық экономика мен демократияның аумағына біртін-біртін ене отырып, кедейшілік және қайыршылықпен қоштаса бастайды.

Мұндай көмек-қарызды өте-мөте орнымен пайдаланған елдер – соғыстан соңғы Германия мен Жапония. Мына қызықты қараңыз: әлгі рецептпен (ол кезде «Маршалл жоспары» деп аталынған) АҚШ әбден қираған екі елге демократияның шарттарын алға тартады ғой. Жапон – Азияда, немістер – Еуропада менталитеттері өте ерекше, кіді, кінәз, бірақ еңбекқор, «қадалған жерінен қан алатын» табанды ұлт. «Ерекше ұлт едік, біріміз – рейхтің, екіншіміз – микадоның (жапон императоры) қойнынан шығып едік, сондықтан демократияның жолына байқап-байқап, басты шайқап түсеміз» деп, бұл прагматик ұлттар тіптен де кергіген жоқ. Парламенттерін тез-тез әділ сайлап алып, демократияны екі-үш-ақ жылда дүрілдетті. Батыс Германияның канцлері Эрхард АҚШ-тан келген қарызды әр неміске 50 маркадан қылдай бөліп таратып берді де: «Енді менен ештеңе сұрамаңдар, осыған адам болыңдар!» – деді.

Жапония парламенті әр иеннің экономикадағы жылжуын қатаң бақылауға алып, ішіп-жеп қойғандарды өз-өзін өлтіруге дейін жеткізді. АҚШ-тың әр \$-ы қатаң есеп пен бақылау арқылы экономиканың капилляр қан тамырларымен әр жапонға, әр деревняға жылжып кетті. Тең, әділ қоғам орнағанын тез түсінген неміс пен жапон сөткесіне 25 сағат еңбек етті. Өкіметке ең талантты, ақылдысын сайлау үшін жан салды. Есесіне екі ел, бірі – Еуропа розасы, екіншісі – Азия сакурасы болып, көп ұзамай иісі бұрқырап, шешек атты.

Жақында ғана біз теледидардан Тайвань депутаттарының бір-бірін шаштан сүйреп, қырғын төбелес салып жатқанын «тамашаладық». «Мыналарың таза жынды екен ғой!» дейді кейбіреулер. Нағыз есі дұрыс депутаттар еді олар. Олар халықтың маңдай терінен жиналған әр юаньның өз орнына жұмсалуды үшін қырылысып жатты ғой! Халқы аштықтан, жоқтықтан күні ертең көшеде төбелеспес үшін, депутаттары өстіп, парламентте бүгін қырық пышақ болады – анауымыздан мынау дұрыс емес пе?

Ал біздің депутаттар ше? Олар рухани летаргиялық ұйқыда. Әзірше Қазақстан «демократияға дағдыланбаған ерекше ұлт»... Ондай «ерекшеліктерді» қорғап, қолпаштау – «ерекше жолдармен» жиналған арам байлықты қорғау амалы. Бұл күнде «демократия бізге бөтен, жат, таңсық» деу – «дем алып отырған ауа біз үшін жат!» деген есалаңдықпен бірдей.

Өткен жылға дейін Батыстың мейірімі Қазақстанға қатты түсіп еді. «Демократияға бейім екен!» деп, ештеңесін аямады. Азиялық аярлығымыз оларды қатты ренжітті. Тұңғыш президент сайлауын «адам құсап» өткізе алмай, авторитарлық артымыз ашылды да қалды. Оны және өзгеден – АҚШ-тан, «ОБСЕ»-ден, Қажыгелдиннен көреміз. Тек өзімізден емес! «Восток – дело тонкое!»-ны түсінбейтін АҚШ, Еуропа қазір Қазақстанға қолын сілтей салуға жақын. Парламент сайлауын халықаралық стандартқа сай өткізу – олардың бетін бері қаратудың ең соңғы мүмкіндігі. Тағы былықтырып, бықсытсақ, әрине – «Қош бол, қалқам, көргенше!». Онда амал жоқ. Азия авторитарларына – жолбарыстар мен айдаһарларға, көк бөрілерге, қысқасы, жыртқыштар қоғамына барып қосыламыз.

Әлімсақтан Еуразия қайда, қалай жылжыса, Жер шары солай бүлкектеп отырған. Небір қанқұйлы империялар осы суперконтинентті шаңдатты. Қазір де планетамыздың көзі осында, соның құбылнамасы. Қазақстан – Еуразияның жүрегі. Әлем мұны геосаяси компьютеріне тіркеп қойған. Сондықтан да демократиялық сапқа тезірек тұруымыз мүдделі. Ақшасын аямай, басқасын да беріп жатыр. «Елден ерекшеленбей», бұл факторды барынша сәтімен пайдалана білуіміз керек. Біз «ерекше ұлт» емеспіз, бізге ерекше жақсылықтар да жасалынбайды. Мұны ұқпаған – ештеңені ұқпайды.

Президент сайлауы тұсында тағы бір провинциалдық бықсық қау берді. Ресейдің барлау құрылымдарының әсірепатриоттық бөлігі әдейі таратқан лақап па, әлде либералдық экономика мен демократияның жаршысы Қажыгелдинді қолдап кеткен Батысқа ноқ көрсету ме, әйтеуір: «Еврей капиталы Қазақстанды бөліп алғалы жатыр, оның бас агенті Қажыгелдин екен!» деп құлақ сарсытты (қазір өкімет сол еврей капиталына өзі зар болып отыр). Оның қаншалықты шындық немесе өтірік екенін өмір көрсете жатар, әйткенмен, еврей капиталы мәселесіне күлтелемей, асырмай-жасырмай, аз-мұз тоқтала кетейік.

20 ғасыр бойы туған жерінен тыс жүрсе де, ұлттық сипатын жоғалтпай, ақыры өз мемлекетін құрған дегдар, сергек, пысық, әбжіл еврей халқы туралы бұдан бұрын да бір рет әңгіме қозғап едік («Ана тілі», «Қазақ феномен бола ала ма? Ондай ұлттар бар», №27, 1997 ж.). Қалаңыз-қаламаңыз, сол ұйымшылдығы мен еңбекқорлығы, білім қуғыштығының арқасында еврей халқы, басқасын былай қойғанда, дәл осы күні бүкіләлемдік банкир, финансист, халықаралық бухгалтер, кассир. XX-ғасырға дейін әлем ақшасына англосакстер ие болатын. Демократияның арқасында тез-тез көтеріліп келе жатқан АҚШ-қа Ресейдегі, Шығыс

Еуропадағы қырғындардан (погром) қопарыла қашқан еврейлер осы елден пана тапты. Бір пенниді долларға оп-оңай айналдыратын еңбекқор еврейлер көп ұзамай осы елдің ең шешуші тетіктерінен табылды және АҚШ экономикасын әлемде алдыңғы орынға шығаруға орасан зор еңбек сіңірді. Жалпы, еврей барған елдің экономикасы гүлдемей тұрмайды (Аргентина, мәселен).

Бірақ бір шарт бар: ол ел демократияны тұтынған ел болуы керек. Өйткені демократия таланттарға жол ашады. Ал еврей ортасы – таланттарды тәрбиелеудің ең үздік мектебі. Сөйтіп еврейлер бұл күнде әлемдегі бірден-бір супердержаваның – АҚШ-тың бас бухгалтері десе де боларлықтай. Әр АҚШ \$-ының банкнотында еврей саусақтарының ізі бар. Бас бухгалтердің алдына әдетте көше сыпырушыдан президенттерге дейін жорғалап барады. Бұл ақша пәрменімен әлемдік саясат басталып жатыр. XX- ғасырда ғана түпкілікті орныға бастаған демократиямен қоса гүлденген еврей халқының әр өкілі демократияны Жер шарының барлық түкпіріне тарату үшін ештеңесін аямайды. Себебі: демократия әлем халқының алға басуының алғы шарты – бір, екіншіден, соғыс өртінің тұтанбауының кепілі – екі (НАТО осы күнге дейін өзге елден тулақтай жер жаулап алған емес), үшіншіден – еврейлердің ұлан-асыр капиталының әр елге дұрыс орналасуының, пайда түсіруінің және өздеріне дін-аман оралуының басты кепілі. Оның үстіне әр еврей өздерінің «адам болып кеткені» үшін демократияға есепсіз қарыздар. Неге, қандай жолдармен – оны жоғарыда тізбеледік.

Қысқасы, ақша экономиканың қаны болса, оның қан тамырларымен дұрыс айдалуын және жақсарып, толысып, қайтадан жүрекке – әлгі әлемдік банктерге есен-сау оралуын қадағалайтын күзетшілер – демократиялық үкіметтер, елдер. Тоталитарлық, автолитарлық елдерде сырттан барған ақша ылғи да құрдымға кетеді: , ашықтық, мөлдірлік жоқ! Сондықтан да бас бухгалтерлер ақшаны тек демократиялық елдерге салады, қарыз береді. Бір аяғы – мұнда, екінші аяғы – анда жас мемлекеттердің тезірек демократиялық елге айналуы үшін барын салады және де оны жүзеге асыратындай жас талантты лидерлерді сол елдерден жанталаса іздейді. Бұл – демократ еврейлердің ісі.

Алайда Израильдегі мемлекетшіл (государственник) еврейлер тобының мақсаты бұдан сәл өзгеше. Олардың Израиль елінің амандығы үшін демократияны сәл ысырып қоя тұратыны да бар. Кейде осы екі топтың мақсат-мүддесі бөтен бір елдің ішінде сиыспай, тоқайласып қалады. Оны Қазақстан мысалынан да көруге болады. Мәселен, осы көктемде Степногорск кен байыту комбинатының Израильмен келісім жасауы... Бізде уран бар, Израильде атом бомбасын жасау технологиясы бар. Арабтардың қалың ортасын ойып отырған Израильге ондаған атом бомбасы керек. Ал біздің өкіметке мемлекетшіл еврейлердің қай жерде, қай мәселеден болсын, қолдап-қоштағаны қажет. АҚШ-тың осы күні: «Қазақстан өз уранын

шетелге рұқсатсыз демпингпен сатып жатыр!» деп шулап жатқаны да сондықтан. Арғы жағын ішің білсін, әлуай...

Түптеп келгенде, демократшыл еврейлердің де, мемлекетшіл еврейлердің де ісі – бірінің ішінде бірі жатқан концентрациялық шеберлер сияқты. Біріншісі – әлем, екіншісі – Израиль еврейлерінің қамы. Кейде қайшыланып қалғанмен, түптің түбінде бір-бірін жоққа шығармайды, қайта қуаттайды. Солай: ХІХ-ғасырда қаба сақал еврей (К.Маркс) салып кеткен жол Х- ғасырды сілкіктіп еді, ХХ-ғасырдың соңы еврей халқының нұсқаған жолына түсті. ХХІ-ғасыр да оларға бұйырайын деп тұр. Өйткені әлем таланттар мен еңбекқорларға тиесілі... Сөздің ашығы осы. Оған өтіміз жарылып кетсе, өз обалымыз өзімізде. Құнекең, Құнанбайша айтқанда, «өзімізге келетін сөзді білмейміз»...

Өйткенмен, бұл – халықаралық саясаттағы нюанстар ғана. Адамзаттың ең сапалы, алдыңғы қатарлы бөлігінің ұстанғаны – демократия, либералдық экономика. Бұдан басқа сара жол да жоқ. Бұрылтпайтын бұл қасқа жолға Қазақстан түптің түбінде тағы түседі. Кеш түссек – сорымыз, ерте қамдансақ – бақытымыз.

Капиталда ұлт болмайды. Ол және бәрібір таланттарды іздеп таппай қоймайды – сонда ғана өсіп-өніп көбейеді. Ал ол адамзатқа қызмет етеді. Өйткені капитал барған жерге өмір барады. Еврей ме, басқа ма, «мәселе мысықтың түсінде емес, ол тек тышқан ауласа болғаны».

(•«СолДАТ», №1, шілденің 6-сы, 1999 жыл.

(Н.Назарбаев қалыптастырған қисық жүйе түзетілмейінше, «Жаңа Қазақстан» болмайды. Қашан, кім түзете алады? Екінші президент дізгінді ұстағалы төрт жыл. Халыққа: «Бәрекелді!» дегізе алған жоқ. Алдағысын кім білсін... **Ғаббас.** 28. 02. 2023 ж.)

ҚОС МОНШАҚ

Біз оқуға түскенде елу едік. Соның бес-алтауы ғана қыз бала. Келесі жылы тоқсанға толар университеттің журналистика факультетінің студенті атану – ол кезде айта қаларлық жетістік, көп-көрім бедел. Сырт көзге – дарындылар мен даралардың ұясы. Ұстаздарымыз біздің факультет Орталық Комитеттің тікелей өзіне қарайды, оның жасы мен жолы университеттен де үлкен деп шалқайыңқырап отыратын. Солай болған да шығар. Біз де факультет абыройын аласартпауға тырыстық. Курстасымыз, арамыздағы кесек тұлға, даусыз талант иесі марқұм Марат еді.

Өткен ғасыр. Жетпісінші жылдардың аяғы. Алматы таза қала, мұнатаз шаһар, көңіліміз одан да кіршіксіз. Университетте бірге оқыған жігіттер анда-санда болса да кездесіп, бас қосып тұрамыз. Кездейсоқ жолығысып

қалсақ, бір-бірімізді он жыл көрмегендей өткен кеткенді айтып, шұрқыраса кетеміз. Сондай шуақты да шырайлы күндердің бірінде курстас жолдасым, шығармашылығы елге таныла бастаған жазушы Қабанбаев Маратқа ойда жоқта Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің ту сыртындағы музыка тауарлары дүкенінде ұшырасып қалдым. Классикалық музыканың керемет күйтабақтары сонда ғана сатылатын. Ол орыстың ғажайып композиторы, ғаламат дарыны ғарышта шарықтаған, біздің жалпы жұртшылық онша біле бермейтін «Сатаническая», «Трагическая», «К племени», «Поэма экстаз», «Божественная», «Прометей» симфониялық поэмаларының авторы Александр Николаевич Скрябиннің шығармаларын іздеп келіпті. «Өзің неғып жүрсің?», деді Марат сөрелерді ақтарып жүрген маған.

- Өзің сияқты жоқ қарап. Клод Ашиль Дебюсси деген француз сазгерін таба алмай, соның «Теңізі» қажет еді, деймін мен, алақанымды жайып. – Айтқандай, Алемдар Қараманов деген әлемге әйгілі авангардист композитор бар. Қырым татары. Соның «Айлы түнгі теңізі» де жоқ боп шықты.

Наурыз айы еді. Сыртқа шықтық. Ол Скрябинге космогониялық рухтың, жаңа Вена мектебінің әсері мол болғанын айтумен келеді, мен оның алғашқы туындыларында Фредерик Шопеннің, Сібір қазақтарының арасында дүниеге келген суретші Михаил Врубельдің ықпалы анық байқалады деймін. Ол күледі, басын шайқайды. Есі кіресілі-шығасылы суретшінің, Сібір қазақтарының музыкаға қандай қатысы бар дегендей. Мен де күлемін, басымды шайқаймын. Ұшып-қонып жүрген Скрябиннің Маратқа, Шығыс қазағына не қатысы бар дегендей.

- Сенің есіңде ме?..

- Есімде, ұмытқам жоқ...

Рас, менің есімде. Бәрі есімде. Оның алғашқы қадамы да жадымда. Алпыс сегізінші жылдың күзінде журфактың бірінші курсына оқуға түскендер Шелек ауданындағы «Қазақстан» совхозына жүзім теруге аттандық. Тәтті жүзім, дәмді шақ. Шығармашылықтың алғашқы шырыны. Мараттың оқуға кірмей жатып «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Ыбекең» әңгімесі. Қара жұмыстан қол босаған бір күні соны талқыладық. Сидалау келген сұлу мүрт курстасымыз жас қаламгердің: «Талтүс. Жоны ашылып, қарақұлақтанып қалған күресін үстінде оттай сұлу күрең әтеш өңешін кере өжет-өжет шақырады. Кенет алдын кесе қайқандай өтіп бара жатқан семіз қара тауықтың соңынан қарап тұрды да, бір уақытта әш-шәй жоқ тапырақтап мойнын соза қуып берді. Әлден соң шарбақ артынан адымын ірі-ірі тастап, ордаңдай шықты да, керіліп тұра қап масаттана айқай салды. Соңынан қанаттарын жүре жинай қара тауық та шықты. Манағыдай емес, төбе жүні үрпиіп, қанқызыл әсем айдары бір жағына қисайыпты», деген мәтініне қатты шүйлігіп, мен мұндай жолдарды жазуға ұялар едім деді. Мектептен жаңа ғана құтылып, өмірге өздігінен енді аяқ басқан мөп-мөлдір қыздар бозбаланың әлгіндей биязылығына тәнті болып қалды. Ыбекең сияқты

қайталанбас қазақы характер қаперлеріне де кірген жоқ. Сол Ыбекең сияқты елге әмбе пана, әмбе сана болып жүрген шалдар қайда қазір?

Сол жолы Маратқа қарап: «Маған сенің шалдарың ұнайды. Өтпелі объект, дер кезінде бейнелеп қалдың», дедім. Ол сол жылдары тыңнан сүрлеу салуға, музыкадан шабыт алуға, жаңа бағыт-бағдар табуға ұмтылып, дәміл-дәміл сыртқа, шетке көз сала бастаған. Ол да маған тесіле қарап:

-Атап айтқанда? - деді.

-Атап айтқанда, «Айшылық алыс жолдағы» Сүлей шал. Оның мінез-кұлқы диалогта.

-Сенің шалды қалай сөйлеткенінді де жатқа білем: «Шал тайсалған жоқ. «Қатқанынның басы!» деп Сэрэлді мүрдем кетірді. «Сақалымды силап келгенің жаман батты. Жапарқұлда жан бар ма, сені Керегетасқа мен айдап әкепін бе? Жүнбас директорыңның: «Сүлей шалға соқпай кетпе! Ертең ел арадлғанда қыстан қалған кәріжілігін асып беріп, дүйім жұртқа таба қылар, бір ауыз сөзі де».

Ол рахаттана күлді. «Түсіндім, - деді. - Сен маған оданда бір жақсы жыр оқып берші. Мынау қызылкөз шарап бізге сұқтана қарап тұра тұрсын», - деді. Ақын емеспін. Көңілін қимадым. Николай Гумилевтің «Жираф» өлеңінің соңғы жолдарын:

И как я тебе расскажу про тропический сад,
Про стройные пальмы, про запах немислимых трав...
Ты плачешь? Послушай... далеко, на озере Чад
Изысканный бродит жираф,

-деп аяқтай бергенімде, Мараттың көзінен қос моншақ еңіске қарай сорғалай жөнелді.

**Кәкен ҚАМЗИН,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.**

ТАЛАЙҒА ШЫБЫН ІЗДЕТТІ *Естелік*

Бір таяқты тірек етіп, біріне бірі сүйенген бүкір үш қария іспеттес 1999-жыл өткен шаққа айналды да, үш шеңберін сүйреген қаз мойынды 2000-жыл келіп... құзғын мойынданып, Мараттың дәмін тауысты. Қабанбайдың Маратының!.. Ол Алтайдың ақиығы еді. Қанаты қатайғанын күтпестен Алатауды бетке ала самғап, талықпай жетіп, қаламгерлер қауымына қосылған-ды. Оқиғасымен, ойымен, тілімен тартымды әңгіме жазып жүрген жас талап хикаят, роман беріп, әдеби қазынамызды үстемелеуге еркін кіріскен. Балалар әдебиетінің ең шоқтықты туындысына берілер халықаралық силықты иемденген. Сол кітабын маған жымия ұсынып: "Қадірлі Ғаб-аға! Мына кішкене дүниемді таудай көріп қабыл алыңыз", деп еді.

Мараттың жазғандарын оқудан жалыққан емеспін. "Жұлдыз" журналының, "Ана тілі" гәзетінің редакцияларында қызмет істеген жылдары ерекше серпілісті болды. Әсіресе, "Солдат" гәзетін ашып, азаматтық ой-пікірін еркін, анық айтуда Әнуар Әлімжановтан кейінгі аралықта дізгін тартыңқырап қалған көсемсөзді қайтадан қуаттандырды. Әлі есімде, гәзетінің бірінші саны шыққанын айтып шақырған күні барып, құттықтап, редакция кітапханасына әңгімелер жинағымды силап, біраз шүйіркелестік.

-Гәзетінің аты қызықтау екен. Ресми тіркеліп ашылуына жоғарғы жақ Қазақстанның әскери тірлігін жазып тұруды міндеттеумен рұхсат бергеннен сау ма? – дедім. Марат жымың-жымың етті де:

-Ғаба-аға, ол жақты адастырып жібердік. Олар кәдімгі «Солдат» деген сөз деп ұқты. Ал біз солар күштеп жауып тастаған «Датты» мұрагерсіз қалдырмауды ойладық. Мұның аты кейін, міне, былай жазылатын болады, - деп қағазға «СолДат» дегенді жазды: - «Бұл гәзетіміз – «сол «Дат» дегенді меңзедік.

-Құлықтарың құтты болсын!

Күлкіміз қосарланды.

Әрқашанғысынша анық сөйлеп, мақсат-мүддесін жазулы хаттай жайып салды. Гәзеттің бірінші Бас редакторы парызын қалай орындағаны оқырманның көкейінде болар. "Алыс жол алғашқы қадамнан басталады" деген, "СолДаттың" шыншыл басылым болуы Бірінші көшбасшысының оңды да орнықты, әділ де батыл бағыт-бағдарымен, қаламгерлік қатаң да адал талабымен, білімділігіне тәнті еткен биік талғамымен қалыптасты. Гәзет ұсақ-түйекті тергіштеген жоқ. Билік басындағыларды сынай беру керек деген арзан дақпыртқа бейім тұрмады. Экономикамызды, мәдениетімізді, ғылымымызды дамытуға, өнеркәсібімізді, ауыл шаруашылығымызды әлсіретпеуге, мемлекеттік тілімізді құрметтей білуге, ішкі-сыртқы саясатымызды сындарлы етуге, заман кәдесіне, халық мүддесіне сай демократияны аяқтандыруға және дамытуға, т.б. келелі істерімізге кімдер, нелер бөгет болып келеді – соның бәрін анық, дөп жазуды ұстанды. Көкейінде осы жәйттер болған оқырман жұршылықтың--көпшіліктің сенімі ақталды, гәзет ақиқаттың арашасына айналды.

Өмірде өкініш аз болған ба. Қолдарына биліктің дізгін-шылбыры, қамшы-бишігі тиген кейбір жоғары-төменді шенеуніктер демократия ұғымын өздерінше бағамдап, оның алғы шартын: ой еркіндігі мен сөз бостандығын өздерінің оңды-солды әрекеттеріне нұқсан келтірер тосын күш деп топшылады. Тәуелсіз жас мемлекеттің демократия көгіне талпынып шыққан "Дат" пен "XXI век" гәзеттерін қуғындап, жауып тастағандары сондықтан. Кейін де сол күйге тап болып жүрген тәуелсіз баспасөздердің халі баршаға аян. Тәуелсіз гәзеттер қоғамымызда орын алып отырған: кереғарлық, паракорлық, жемқорлық, сыбайластық, тоғышарлық, көзбояушылық, беталды өктемшілдік, көпе-көрінеу

заңсыздық атаулыны ақтарып ашып, аямай қазып жазады. Еліміздің, халқымыздың атына кір келтіретін сондай көргенсіздікті, көрсоқырлықты масқаралайды. Әлгі "әулие" шенеуніктер қарсы айтар уәж таба алмаған соң, "жала жапты" деп заң жолымен ақтала алар дәлелдері жоқ болған соң шоқпарларына жармасады. Тәуелсіздікті жоралғы еткен редакциялардың талқандалғаны, тоналғаны, өртелгені, журналшыларының сабалғаны, сотталғаны соның айғағы емей немене?!. Қатесін мойындауды өзіне мін санайтын түйсіктілер оның есесін қара күшпен қайтаруға жанталасатыны мәлім. Әділдікке бетпе-бет барса бишара болып қаларын біледі де, қарасойылдыларын, қаракездіктерінін жымысқылана жұмсайды. Қазірде "СолДаттың" мойнына алпыс миллион теңгедей "борыш" ілудің айла-шарғысын жасап жатқандары – қараңғы қорада сонау жылдары болған қара шыбынды іздеулері.

"Шыбын іздегіштер" күні кеше Еуропарламенттің мәжілісінде Қазақстандағы демократияның, тәуелсіз баспасөздің жағдайы туралы мәселе қаралып, біз үшін ыңғайсыз шешім қабылданғанда оны оппозициядан көріп, қаншама тұлан тұтты, сөйлей қалса, жаза қалса әлі де түтігіп әлек. Парламент те ол дұрыс шешімге қарсылық білдіре Еуропарламентке делегация жіберіп, әдептен аттап кетті. Меніңше, "шыбын іздегіштер" де, парламенттегі билік иелері де саяси сауатсыздыққа ұшырағандарын көрсетіп алды. Әсіресе "шыбын іздегіштер" Еуропарламентті істеуге жұмыс таба алмай отырған, бұрынырақ айтқанның сөзіне ере кететін әрі-сәрі ұйым деп долбарлайтын, бұл халықаралық беделді ұйым не мәселені болсын жоспарлы зерттеп, өзіндік әділ тұжырым жасайтынын білмейтін сияқты. Кім екені есімде қалмапты, жақында "Азаттық" радиосы арқылы сөйлеген біреуі "Еуропарламентте Қазақстан туралы мәселе қарау деген ой болмаған екен, біздің оппозиция, анау "СолДат" гәзетіндегілер тықпалаған көрінеді» деп көсемсіді. О, бейбақ! Еуропарламенттің не екенінен хабар-ошарың болмаған соң аузыңды тым кере бермеген жөн ғой!.. Еуропарламент Еуропа мемлекеттеріне, Еуропа халықтарына қатысты мәселенің бәрін зерттеуге, анықтауға, талқылауға, сол мемлекеттерге, сол халықтарға тиімді шешім қабылдауға құқылы. Мәселен, Еуропарламент осыдан бір ай шамасы бұрын бірнеше ғалым, ұйым көтерген мәселені талқылап, оны әлі де зерттеу керек деп ұйғарды. Ол мәселе—медицинада адамның жұлын клеткасын емге пайдалану. Ірі дәрігер ғалымдардың бір тобы оны пайдалану нәтижесінде қатерлі ісік, диабет, естен жаңылу, жүрек сырқаттарынан зардап шегушілерді емдеп, айықтырып жіберуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Жақсы ма? Жақсы. Қажет пе? Қажет. Бірақ, мәселенің екінші қыры бар, ол - жұлын клеткасына жаппай "шабуыл" басталуы, ал өйтуге жол берілгенде "байтал түгіл бас қайғы" болуы әбден мүмкін екен. Еуропарламент әзірше Ұлы Британияда ғана ресми рұхсатпен қолданылып жатқан ол емді құптау үшін медицина

әдебін қатаң сақтайтын, жұлын клеткасын алаяқ пайдакүнемдердің саудасына салдырмайтын заң қабылдануы шарт деген тоқтам жасады.

...Батыл, арлы Азамат, қара қылды қақ жарған Қаламгер болған, шығармашылық өнері дәуірлей бастағанда жолы тұйықталған Марат тәуелсіз баспасөз атқаруға тиіс жұмыс қыруар дегенді жиі айтатын және ол жұмыстардың жүйесін, жолын, пәрменін саралайтын. Өзі жазған мақалалар, өзгелер жазған мақалалар сол ыңғайда болатын. Марат ешкімнің құлы болған жоқ, ар-ұятын кресло мен портфельге сатқан жоқ. Заманындағы зияндыға қарсы күресіп өтті. Тәуелсіздікті жан-дүниесімен аялап, қаламымен қорғап бақты. Сол қасиетін көре алмаған, сондай деңгейге көтерілуге рухани қауқары жетпеген кейбір әсірепысық жазғыштар тірі Мараттың шаужайына жармасса, өлі Мараттың аруағымен жағаласып тыраштанды. Олай болуы да, тәуелсіз баспасөздің тұқыртылуы да мүмкін деген ой редактор Маратты маңайламаған шығар-ау!.. Өкінішке қарай, "СолДаты" қара мылтықтың қарауылына қайта-қайта ілініп жүр. Еліміздің заңын құрметтемейтін керіауыздар заң, құқық қорғау, сот орындарынан ғана емес, жалықпаған жалақор боладының, пәтуадан мақрұм пәлеқор боладының керімен депутаттардың да, жорналшылардың да, жазушылардың да арасынан шығып жатыр. Олар "СолДатты" сатқын гәзет деп бажылдайтын ауруға шалдыққан. Халықтың несібесін - миллиондаған доллар қаржысын жымқырғандарды, мұнай мен газдан түскен пайданы халыққа түгел бермей, бірсыпырасын қалтасына басып кетіп жатқандарды, жекешелендірудің өңін айналдырғандарды, демократияны аяқтан шалып жүргендерді әшкерелеуші "СолДат" сатқын да, сол қиянатты жылы жауып қоюшыларға итаршы болып, "СолДатқа" ор қазып жүрген өздері сатқын емес, ә?! Ойпырым-ай, бетсіздікке дауа болмай тұр-ақ!

Қоғамның әрбір арлы мүшесі сол қоғаммен бірге күлуге, сол қоғаммен бірге жылауға тиіс; қоғамының күлкісі көп, көз жасы аз болуы үшін күресуге тиіс. Осы ретте "СолДаттың" былтыр жариялаған "Зиялылар қауымы үнсіз" атты мақаласы өте орынды. Үн қатқандардың пікірлерін жинақтап беруі де әбден жөн (Алматыдан жырақта жүріңкіреп қалғаным себепті ол әңгімеге қатыса алмағаным әлі де өкінулімін). Гәзет оқырманымен байланысын күшейте түсу үшін сол іспетті мақаланы жиірек жарияласа деймін. Тақырып жеткілікті. Мысалы: мектептің, жоғары оқу орындарының хал-ахуалы; анау ала дорбалы әйелдердің мұң-зары; 2010-жылы қазақстандықтардың санын 15 миллионға жеткізу жөніндегі "кезекті міндет" мәселесі; шенеуніктің ар-ожданы... дейміз бе, әйтеуір, толып жатыр. Халықтың санын көбейту үшін жұмыссыздықты жойып, халықтың денсаулығын жақсарту керек, Әйел-Ананың жан тыныштығын қамтамасыз ету керек, сатып жіберілген балабақшаларын қайта ашу керек. Осы жүзеге аса ма, жоқ па? Ауыл шаруашылығын үш жылда көтереміз деген игі мақсатқа қол жете ме? Міне, осы тақырыптарды ортақ әңгімеге айналдырып, ащы да ақиқат сөз қуатын толық пайдалану—гәзеттің

жақындағы бір парызы дер едім. Қара басының, құлқынының ғана пайдасы үшін тіл мен жағын жалдайтын, халықтың пайдасы үшінге келгенде "үндемеске серт берген" анау "зиялылардың" бұл әңгімелерге қатыспасы анық. Ал намысын жани білсең, жалаңтөстенетін ғалым мамандар табылуы ықтимал. Біз редакцияға көмектесуге тиіспіз!

Өмірден ерте озған Марат ініме істеген қызметім «Кеңсайдағы» қабірі басына: «Қара қылды қақ жарған қаламгер Марат Қабанбайұлы» деген жазуы бар құлпытас орнатқаным болғанына тәуба деп жүрмін. Жұмсалар қаржы шағын бизнесі бар дархан азамат Нұртай Сәбілияновтан болды!

2003-жыл.

Өмірбаяны

1948-жылы 22-наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Ұлы-Қаратал ауылында дүниеге келген. 1975-жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*) журналистика факультетін аяқтайды. Аудандық «Достық» газеті редакциясында корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет еткен. Кейін, 1973-1975 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі *«Жас Алаш»*) газетінде тілші, «Жалын» журналы редакциясында редактор қызметін атқарған. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік баспа комитетінде (1977-1979), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Парасат» (1991-1992) журналында редактор, «Ана тілі» (1994-1998) газетінің бас редакторының орынбасары болды. 1999-жылы «СолДат» газетінің бас редакторы болып тағайындалды.

Алғашқы «Сөну» атты әңгімесі 1966-жылы «Жұлдыз» журналында жарияланды.

«Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» (1977 ж.) кітабының, «Жиһанкез Тити» повестер жинағының авторы. «Бақбақ басы толған күн» кітабы балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығармалардың республикалық бәйгесінде 2-сильқты иеленген. Осы повестің желісімен «Қазақфильм» киностудиясында «12 жасқа толғанда» атты толық метражды көркем фильм түсірілген.

«Кермек дәм» романы автордың соғыс кезінде бірге өскен замандастарының тағдырын сипаттайды. Сондай-ақ, соғыс тақырыбы қаламгердің «Жаңғырық» (1991) әңгімесінде ашылған.

14 кітаптың авторы. Шығармалары: украин, молдаван, латын, неміс тілдеріне аударылған.

1988-жылы Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы сыйлығының иегері болды. 1990-жылы Андерсен атындағы халықаралық сыйлықты алды, - ол аса беделді сыйлық бұрын бүкіл Кеңес Одағы бойынша Михаил Алексеев деген орыс жазушысына берілген. Яғни, бұл марапат бойынша Совет Одағының тарихында Марат Қабанбай – екінші лауреат.

.....

Ғаббас: Жинақтың аты жайында бір сыр. «Марқасқа» деген сөздің мән-мағынасын білсем де, түбірі қалай екен деп ойладым. Тілімізде араб, парсы сөздері біраз бар, солардың бұрмаланып айтылып кеткендерінің бірі ме әлде? Сөздіктерден іздедім, интернетке сұрау салдым. Ақырында қаламдас досым, Қазақстанда «Құран Кәрімді» қазақ тіліне түпнұсқасынан алғаш аударған Уахап Қыдырханұлына жүгіндім. Ол: «Босқа әуре болып, сен де еріккен екенсің. Ол қазақтың төлсөзі, мағынасы – «Сегіз қырлы, бір сырлы жігіттердің ең көрнектісі, ең мықтысы. Соны білмегенің...» - деп қыжырта күлді. Мен жалтарып үлгіріп: «Сені сынағым келді, әйтпесе оны сенен бұрын білгенмін!» деп, екеуіміз қосыла күлдік. Уахап маған: «Ертеде, шамасы оналтыншы ғасырда ма екен, қазақта Марқасқа атты жырау, батыр болыпты, сен интернетпен другсың ғой, соны іздетші!» деп нұсқау берді. Сонымен, «другымнан» мына мағлұматты алдым:

Марқасқа жырау



Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз (XVII ғ.). Ақын, жауынгерлік рухтағы жырларды шығарушы, қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы. Жалпы жыраудың өмірі, шығармашылығы туралы бізге жеткен деректер тым аз. Дегенмен, қолда бар деректерге қарағанда, Марқасқа жырау Есім ханның жорық жырауы, қол бастаған батыры болған. Қилы замандарда шапқыншылықтар мен жорықтардан халықтың жанын сақтап, малын қорғау ханмен қатар осы тұлғалардың да жауапкершілігінде болған. Есім ханның жорық жырауы ретінде елдің тыныштығы үшін аянбай еңбек еткен ол халықты жәбірлеген мейірімсіз хандарды аяусыз сынаған. 1627-жылы Ташкент өңіріне билігін жүргізіп тұрған Тұрсын ханның Есім ханға қарсы бүлігін басуға қатысқан. Жырау Есім ханның өмірі мен ерлік істері суреттелген «Еңсегей бойлы ер Есім» атты жеті мың жолдық тарихи жырды алғаш жырлаушы болған деген болжам бар. Шыққан тегі Орта жүз құрамындағы Найман тайпасының матай руынан.

Марқасқаның жырлары көп болған. Кезінде ел ауызында айтылып жүрсе де, жинаушы болмаған соң, бізге жетпей қалған...

«Еңсегей бойлы Ер Есімде» жеке әмірші болғысы келген Тұрсын, Есімнің қалмақтарға қарсы жорыққа кеткенін пайдаланып, өзіне қаратып алу үшін қазақ ауылдарын шабады. Көп жұртты харап қылады. Бұл оқиға халық санасында үлкен із қалдырған. Ол оқиға, Абылғазы баһадүр ханның айтуынша, 1627-жылы болған. Аталмыш жырдан Марқасқаның от тілді, өжет, аса талантты ақын екендігі аңғарылады. Жырау шығармалары, халық

әңгімелерінде айтылатындай, шынында да Марғасқаның ерекше жалынды жауынгер, жорықшы ақын болғандығын көрсетеді.

Бізге Марғасқа жыраудың мына қысқа толғауы ғана жеткен (*Қазақстан Ғылым академиясы Әдебиет институтының қолжазбасынан алынып, 1967-жылы «Ертедегі әдебиет хрестоматиясына» енгізілген*):

Ей, Қатаған хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді жылатып,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың!
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да
Қазаң жетті, қапылсың!
Еңсегей бойлы ер Есім
Есе ала келіп тұр!
Шашқалы тұр қаныңды,
Кешікпей солай қатарсың!

МАЗМҰНЫ

Қаламын қару еткен қайраткер
Халықты жақтады
Жазушы шығармаларына тән детальдар мен штрихтар
Кентавр
Бәрімізді аялады
Қайталанбас дарын
Мараттың 2 мақаласы:
Бұл зиялы – қай зиялы?
Біз жүретін қасқа жол
Санасы таза, ойы азат Азамат еді
Қос моншақ
Талайға шыбын іздетті
Марқасқа жырау



Аға қаламгер Ғабиден Мұстафинмен кездесуде.




Ақын Исраил Сапарбаймен.



Жазушы Морис Симашкомен.



Жазушы Әуесхан Қодармен.



Меккеде. Қажы Марат.



Тұңғыштары Айбекпен.



Көпен Әмірбек, Сәуле, Марат.



Марат пен Сәуле қыздары Алуа және Айгүлмен (сол жақтан).